Төлдегеннен кейінгі кезеңде зерттелген сиырлар төлдегеннен кейінгі кезеңдерің ескере отырып топтарға бөлінді: 20-41 күн, 41-60 күн, 60-күннен жоғары. Осылайша, 3 топ жануарлар зерттеуге алынды.

Жыныс органдарының жағдайын анықтауда гинекологиялық, клиникалық, зертханалық, цитологиялық әдістер алынды.

Ректалды пальпация әдісімен жатырдың көлемін, консистенциясын және топографиясын қарадық. Шырышты жатыр мойнынан, қынап қабырғаларынан жинадық [1].

Цитологиялық диагностика үшін жағындылар жасалады. Қынап пен жатыр мойнынан материал алу мақта таяқшаларының көмегімен қынаптың және жатыр мойнының қынап бөлігінің бүйір қабырғаларында айналмалы қозғалыстармен жүзеге асырылады. Алынған материал майсыздандырылған затшынысында бекіледі, 15 минут ішінде ауада кептіріледі, 96% этил спиртімен 30 минут ішінде бекітіледі. Жағындыларды бояу Дифф-Квик әдісімен жүргізілді. Жағындыны микроскоптың 20 көру өрісінде, иммерсиялық май астында 100x ұлғайтып қарайды. Патологияның негізгі белгілері ретінде эпителий жасушаларына, сондай-ақ қабыну жасушаларына (полиморфонуклеарлы нейтрофилдер, макрофагтар) назар аударылады. Жасушалар лейкоциттіке септегіштің көмегімен саналады [5].

«Салют» ЖШС-де сиырларының жасырын эндометритін төлдеуден кейінгі күндеріне байланысты анықтау мақсатында 42 сиырға сыртқы, қынаптық, тік ішек арқылы және шырышты цитологиялық зерттеу жүргізілді.

Сиырлардың төлдеу журналындағы мәліметтерге сүйене отырып төлдеу мерзімі мен төлдеуден кейінгі күндері анықталды.

Тік ішек арқылы зерттеу барысында және сыртқы зерттеу арқылы 42 сиырдың 5 сиырында (төлдеуден кейін 20-41 күн) эндометриттің клиникалық белгілері анықталды.

Шырыштан жағынды жасап, Дифф-Квик бояуларымен бояп, цитологиялық зерттеу барысында зерттеуге алынған 42 сиырдан 20 сиыр эндометритке оң нәтиже көрсетті.

Полиморфонуклеарлы нейтрофилдер жатырда жиналған сұйықтықта кездесетін қабыну жасушаларының басым түрі болып табылады. Цитологиялық зерттеуге материал төлдегеннен кейін 20-41 күн аралығында, 41-60 күн және 60-күннен жоғары алынды. Микроскоп алаңында анықталған ПМН лейкоциттік формула бойынша есептелді. Нәтижесі: төлдеуден кейін 20-41 күндері 8 сиырда ПМН саны нормадан тыс (Касиманіскам зерттеулері бойынша) көрсеткіш анықталды, нейтрофилдердің орташа саны – 42,3 %-ды көрсетті. 41-60 күн аралығында 5 сиыр (орташа ПМН саны 38,5%) және 60-күннен жоғары 6 сиырда (орташа ПМН саны 30,4%) созылмалы эндометрит белгілері анықталды. Төлдеуден кейінгі күндеріне байланысты орташа ПМН саны төменде көрсетілген (1-кесте).

1 -кесте. Төлдеуден кейінгі күндеріне байланысты ауру сиырлардың ПМН саны

№ р/р	Төлдеуден кейінгі күндер	n	Ауру сиырлар саны		ПМН %
			n	%	
1	20-41 күн	14	8	57.14	42,30%
2	41-60 күн	14	5	35.7	38,50%
3	60-күннен жоғары	14	6	42.8	30,40%

Ішкі вагинальдық зерттеулерге келетін болсақ, жануарлардың қынап пен жатыр мойнынан материалды мақта таяқшаларының көмегімен қынаптың бүйір қабырғаларынан айналмалы қозғалыстармен алып, эппендорф пробиркаларына жинадық. Жиналған материалдың биофизикалық қасиетерін: түсін, консистенциясын, иісін бағаладық. Шырыштың биофизикалық қасиеттері төлдеуден кейінгі 20-41 күн аралығында 5 сиырда патологиялық нәтиже көрсетті. 41-күннен 60-күнге дейін 2 сиырда эндометритке тән белгілер анықталды.

Барлық зерттеу әдістерінің нәтижелері салыстырылды 2-кестеде көрсетілген.



2 кесте – Сиярлардың жасырын эндометритін төлдеуден кейінгі күндеріне байланысты балау

№	Төлдеуден кейінгі күндер	n	Ішкі тік ішек арқылы зерттеу		Ішкі вагинальдық зерттеу		Цитологиялық әдіс	
			n	%	n	%	n	%
1	20-41 күн	14	2	14.2	5	35.7	8	57.1
2	41-60 күн	14	2	14.2	2	14.2	5	35.7
3	60-күннен жоғары	14	1	7.1	0	0	6	42.8

2-кестеде көрсетілгендей, ішкі тік ішек арқылы зерттеу бойынша төлдеуден кейін 20-41 күн аралығында 2 сиярда, 41-60 күн аралығында 2 сиярда және 61-күннен жоғары 1 сиярда созылмалы эндометрит белгілері анықталды. Ішкі вагинальдық зерттеуде шырыштың биофизикалық қасиеттеріне баға беру арқылы төлдеуден кейін 20-41 күн аралығында 5 сиярда, 41-60 күн аралығында 2 сиярда созылмалы эндометрит белгілері болды, төлдеуден кейін 61-күннен жоғары сиярларды бұл әдіс арқылы эндометрит анықталмады. Ең тиімді әдіс болып – лабораториялық (цитологиялық) әдіс болып табылады: төлдеуден кейін 20-41 күн аралығында 8 сиярда, 41-60 күн аралығында 5 сиярда және 61-күннен жоғары 6 сиярда созылмалы эндометрит белгілері анықталды.

Қорытынды

«Салют» ЖШС-де жасырын эндометритті төлдеуден кейінгі күндеріне байланысты балау мақсатында 42 сиярға ішкі тік ішек арқылы, ішкі вагинальдық және зертханалық әдістердің ішінде – цитологиялық әдістің көмегімен зерттеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесі: ішкі тік ішек арқылы зерттеу төлдегеннен кейін 20-41 күн аралығында 14,2% анықталды, 41-60 күн аралығында 14,2%, 60 күннен жоғары 7,1%. Ішкі вагинальдық зерттеу бойынша: 20-41 күн аралығында – 35,7%, 41-60 күн аралығында – 14,2%, 60-күннен жоғары анықталмады. Цитологиялық зерттеу әдісі бойынша 20-41 күн аралығында 57,1%, 41-60 күн аралығында – 35,7%, 60-күннен жоғары – 42,8%-да созылмалы эндометрит анықталды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Дегтярева С.С. Острый послеродовой эндо метрит бактериальномикозной этиологии у коров и его фармакотерапия [Текст]: Автореф. дис. ... канд. вет. наук. Краснодар. 2008.- 27 с.

2 Новикова Е.Н. Фармакопрофилактика острых послеродовых эндометритов у коров. [Текст]: Автореф. дис. ... канд. вет. наук. Краснодар. 2013.- 27 с.

3 Авдеенко В.С., Рыхлов А.С., Ляшенко Н.Ю. Терапия эндометрита у коров после отела антибактериальными препаратами без применения антибиотиков. Проблемы и пути развития ветеринарии высокотехнологичного животноводства [Текст]/ Материалы научно-практической конференции, посвященной 45летию ГНУ ВНИВИПФиТ Россельхозакадемии. Воронеж. -2015.- С.19 – 22.

4 Sheldon I.M., Williams E.J. Miller A. Nash D.M., Herath S. Uterine diseases in cattle [Text]/ Theriogenology in -2006.

5 Kasimanickam, R., Endometrial cytology and ultrasonography for the detection of subclinical endometritis in postpartum dairy cows. [Text]/ Duffield, T. F., Foster, R. A., Gartley, C. J., Leslie, K. E., Walton, J. S., & Johnson, W. H.// Theriogenology. -2004. -№62(1).-P. 9-23.

6 Denis-Robichaud J., Dubuc J. Determination of optimal diagnostic criteria for purulent vaginal discharge and cytological endometritis in dairy cows [Text]/ Journal of dairy science. - 2015. - Т. 98. - №. 10. -P. 6848-6855.

7 Gilbert R. O. etal. Prevalence of endometritis and its effects on reproductive performance of dairy cows [Text]/ Theriogenology. - 2005. - Т. 64. – №. 9.- P. 1879-1888.

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ  
ҚОЙ ГАСТРО-ИНТЕСТИНАЛДЫ НЕМАТОДАЛАРЫНЫҢ  
АНТГЕЛЬМИНТТІК РЕЗИСТЕНТТІГІН БАҒАЛАУ**

*Касенов К.М., 2 курс магистранты  
Ғылыми жетекші Усенбаев А.Е., в. з. к., доцент  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.,*

Дүние жүзінде барлық жайылатын қойлар гастро-интестиналды нематодаларымен (ГИН) залалдануға бейім болатыны белгілі. Олар қозыларда диарея, анемия, салмақ жоғалту, күйдің нашарлауы және өлім-жітімнің маңызды себебі болып табылады. Залалданбаған қоймен салыстырғанда, инвазияға шалдыққан малдың салмақ қосу, жүн өндіру және сүт сауу көрсеткіштері, сәйкесінше, тек 85, 90 және 78% құрайды [1].

Қой ГИН инвазиялары, негізінен, тұрақты түрде дегельминтизациялау арқылы бақыланады. Алайда антгельминтиктерге резистенттік (AR) дамуына байланысты осы стратегиялық емдеу әдістемесіне ғылыми қауымдастықта тұрақты теріс көзқарас қалыптасты. Еуропада бензимидазолдар (BZ), левамизол және макроциклді лактондарға (ML) қарсы резистенттік кем дегенде 10 елдерде кездеседі [2]. Осыған байланысты соңғы жылдары AR өсуі мен оның одан әрі даму қаупі мен әсерін төмендететін, ғылыми негізделген паразиттерді бақылау ұсыныстарына қажеттілік артып келеді. Қой гельминттерінің AR-мен байланысты факторларды жүйелі шолу мен мета-талдауда емдеу жиілігі маңызды қауіп факторы ретінде бағаланды, ал әртүрге жататын малды бірлесіп жаю, отар мөлшері, ұзақ әсер ететін дәрі-дәрмектерді қолданудың маңыздылығы шамалы болды [3].

Ал Орталық Азияға келетін болсақ, қой ГИН-ң AR болуы немесе қаупінің жоғарылауы туралы ақпарат жоқтың қасы десе болады. Бұл зерттеудің мақсаты – Солтүстік Қазақстан шаруашылықтарындағы қой ішек-қарын стронгиляталарының AR бағалау болды.

**Материалдар мен әдістер**

Антгельминтиктерге қарсы резистенттілікті анықтау мақсатындағы тәжірибелік зерттеу жұмыстары 2022 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Тайыншы ауданының 50 шағын жеке қой шаруашылықтарында жүргізілді. Эксперименттерді ұйымдастыру үшін 10 үй қожалығында 8 апта бойы дегельминтизацияланбаған 400 бір-екі жастағы қойлардан *per rectum* алынған нәжіс сынамалары Фюллеборн бойынша зерттелінді, әрбір қожалықта 4-14 залалданған жануарлар бөлініп алынды.

Тәжірибе барысында әр қой таразымен өлшенді және салмағына сәйкес шаруашылықта пайдаланылатын антгельминтикпен инструкцияда ұсынылған дозасына сәйкес жеке емделді. Дегельминтизациядан 9-14 күн өткеннен кейін жануарлардан сынама қайтадан алынды. Нәжіс үлгілері құлақ сырғасы нөмірімен белгіленіп, зерттеуге дейін 48 сағат аралығында тоңазытқыштың 4°C-да сақталды. Әр қойдың залалдану интенсивтігі емдеуге дейін және емдеуден кейін бір г нәжіске келетін жұмыртқа саны (EPG) бойынша Mini-FLOTAC әдісімен (анықтау шегі 5 EPG) бағаланды [4].

Әрбір топ үшін нәжістегі жұмыртқалар саны төмендеуінің (FECR) орта мәні және сәйкескелетін 95% сенімділік интервалдардары (CI) төмендегі формула бойынша есептелді:

$FECR\% = 100\% \times (1 - M1/M2)$ , мұнда M1 = емдеуге дейін жұмыртқа бөлетін жануарлар арасындағы FEC орташа арифметикалық мәні, ал M2 = емдеуден кейінгі FEC орташа арифметикалық мәні. FECR 100% аз болған кезде сәйкес келетін 95% CI дельта әдісімен [5], ал FECR 100% болған кезде Jeffrey әдісімен есептелді [6]. Стронгиляталар

популяцияларының "сезімтал" және "резистентті" критерийлері бойынша екі статусы Coles et al. (1992) сәйкес жіктелді [7, 8,9,10,11].

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Копрологиялық зерттеулер нәтижесінде Солтүстік Қазақстан шаруа қожалықтары жағдайында ұсақ малдар эймериялармен стронгиляталармен залалдануы ең жоғары дәрежеде (сәйкесінше, 34.3 және 33.5%) болатыны анықталды. Ал мониезиялар 3.5% қойда кездесті (1-кесте).

1 кесте - Солтүстік Қазақстан облысы шаруа қожалықтарындағы қойдың ішек паразиттерімен залалдануы

№	Жануарлар саны	Паразиттермен залалдану деңгейі					
		стронгиляталар		мониезиялар		эймериялар	
		саны	ИЭ*,%	саны	ИЭ*,%	саны	ИЭ*,%
1	15	5	33.3	1	6.7	3	20
2	20	8	40	2	10	4	20
3	50	15	30	4	8	20	40
4	40	12	30	2	5	10	25
5	80	20	25	0	0	30	37.5
6	50	21	42	0	0	15	30
7	10	6	60	2	20	4	40
8	50	15	30	0	0	20	40
9	15	6	40	1	6.7	3	20
10	40	16	40	1	2.5	18	45
Барлығы	370	124	33.5	13	3.5	127	34.3

\* - инвазия экстенсивтігі

Осы зерттеулерге сәйкес әрбір қожалықта залалдану интенсивтігі жоғары жануарлар таңдалып, тәжірибелік топтар құралды. Зерттелінген қожалықтарда жазғы мезгілде сәуірден айынан қазан айына дейін жайылымда бағу технологиясы қолданылады және жануарлар жергілікті жағдайда сұрыпталған тұқымға жатады. Емдеуге дейін және одан кейін 88 қойдың ЕРГ анықталды, дәрілеу топтарындағы мал саны төмендегідей болды: 27-і альбендазол, 4-фенбендазол, 38- ивермектин, 5-эприномектин және 14-дорамектинмен өңделді (2-кесте), яғни, зерттелінген әр отардың 25-60% жануарларын қамтыды. Резистенттікті бағалау үшін қабылданған критерилерге сәйкес, альбендазол мен фенбендазолға барлық отарларда ГИН-ға қарсы тұрақтылық табылды. Ивермектин қолданылған отарлардың 25%-да ғанаас-қорыту жүйесі стронгиляталары сезімталдық көрсетті. Дорамектин мен эприномектин қолданылған отарларда паразиттерге қарсы гельминттерде сезімталдық нақты болды (2-кесте).

2 кесте - Солтүстік Қазақстанда қолданылатын антигельминтиктенге қарсы қой ішек-қарын немагодаларының резистенттік көрсеткіштері

Топ	Антигельминттік әсер ететін зат	Тәжірибедегі қой саны	Бастапқы деңгейдегі жұмыртқа саны (бір г нәжіске келетін жұмыртқа саны – EPG	FEC ор-таша мәні (EPG)	Сынама алу және емделу аралығы, күндер	FECR (%) (95%CI)	Резистенттілік*
1	Альбендазол	4	476	595.0	11	70.4 (35.6; 91.8)	R
2	Эпринормектин	5	2410	860.7	12	95.1 (91.1; 97.9)	S
3	Ивермектин	13	504	210	14	92.9 (80.9; 89.0)	R
4	Ивермектин	9	350	194	9	89.1 (70.9; 99.2)	R
5	Дорамектин	14	2762	986.4	14	94.5 (88.7; 98.2)	S
6	Ивермектин	12	504	210.0	10	92.9 (80.9; 99.0)	S
7	Ивермектин	4	2502	3127.5	14	86.8 (79.3; 78.5)	R
8	Альбендазол	12	10.846	11.363.0	12	67.1 (62.2; 71.2)	R
9	Фенбендазол	4	145	181.3	11	70.4 (35.6; 91.8)	R
10	Альбендазол	11	1189	540.5	10	21.5 (-12.3; 49.4)	R

\*R–резистентті, S – сезімтал

Бұл зерттеу нәтижелері AR бойынша соңғы жүйелі шолуды толықтырады деп санаймыз[2]. Еуропа елдері арасындағы AR таралу көрсеткіштерін салыстыруымыз, өйткені анықталған AR таралуы аймаққа және антигельминтиктер класына байланысты өзгеріп тұрады (Rose et al., 2015), бірақ біздің нәтижелерімізге ұқсас AR көрсеткіштері Нидерландта тіркелді, мұндағы BZ және ML резистенттілік, сәйкесінше, 73% және 47-78% отарларда табылды[8]. BZ және ML қарсы резистенттіктің пайда болуы нақты дәлелденген ГИН түрлеріне *Haemonchus contortus* және *Teladorsagia circumscincta* жатады[9]. Антигельминтиктердің түрлі кластарына жататын бірнеше дәріге ортақ резистенттік Еуропаның 10 елінде көрсетілді [2]. Бұл тәжірибеде көп дәріге резистенттіктің таралуы белгісіз, өйткені қожалықтарда антигельминттік дәрілердің тек бір класы сыналды. Ұлыбританияда AR қаупі туралы білмеушілік және қазіргі кездегі антигельминттерді қолдануға оң көзқарас гельминттермен күресудің тұрақты әдістерін енгізу үшін кедергілер болып саналады[10]. Соңғы уақыттағы зерттеулер қой өсірушілердің антигельминтиктерге қарсы резистенттіктің даму қаупін қабылдау гельминттермен күресуге деген көзқарасына айтарлықтай әсер еткенін көрсетті[11].

Қорытынды

Солтүстік Қазақстан қожалықтарында бензимидазол және ивермектин топтарына жататын антигельминтиктерге қарсы қой ішек-қарын нематодаларында тұрақты резистенттік орын алады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Mavrot F., Hertzberg H., Torgerson P., Effect of gastro-intestinal nematode infection on sheep performance: a systematic review and meta-analysis [Text] / Parasit. Vectors.- 2015.- №8. -P. 557.
- 2 Rose H., Widespread anthelmintic resistance in European farmed ruminants: a systematic review [Text] / Rinaldi L., Bosco A., Mavrot F., de Waal T., Skuce P., Charlier J., Torgerson P.R., Hertzberg H., Hendrickx G., Vercruysse J., Morgan E.R., //Vet. Rec. -2015. -Vol. 546. -P.176.
- 3 Falzon L.C., A systematic review and meta-analysis of factors associated with anthelmintic resistance in sheep [Text] / O'Neill T.J., Menzies P.I., Peregrine A.S., Jones-Bitton A., van Leeuwen J., Mederos A., //Vet. Med. -2014. –Vol.117.-P. 388-402.
- 4 Cringoli G., The mini-FLOTAC technique for the diagnosis of helminth and protozoan infections in humans and animals [Text] / Maurelli M.P., Levecke B., Bosco A., Vercruysse J., Utzinger J., Rinaldi L., Nat. Protoc. -2017. -№12 (9).-P. 1723-1732.
- 5 Levecke B., How to improve the standardization and the diagnostic performance of the faecal egg count reduction test? [Text] / B., Kapla R.M., Thamsborg S.M., Torgerson P.R., Vercruysse J., Dobson R.J., // Vet. Parasitol.- 2018. -Vol. 253.-P. 71-78.
- 6 Dobson R.J., Preserving new anthelmintics: a simple method for estimating faecal egg count reduction test (FECRT) confidence limits when efficacy and/or nematode aggregation is high [Text] / Hosking B.C., Jacobson C.L., Cotter J.L., Besier R.B., Stein P.A., Reid S.A., //Vet. Parasitol.- 2012. -Vol. 186.-P. 79-92.
- 7 Coles G.C., World association for the advancement of veterinary parasitology (W.a.a.V.P.) methods for the detection of anthelmintic resistance in nematodes of veterinary importance. [Text] / Bauer C., Borgsteede F.H.M., Geerts S., Klei T.R., Taylor M., Waller P., //Vet. Parasitol. -1992.-Vol. 44.-P. 35–44.
- 8 Ploeger H.W., Everts R.R., Alarming levels of anthelmintic resistance against gastrointestinal nematodes in sheep in the Netherlands [Text] / Vet. Parasitol. -2018. -Vol. 262. -P.11-15.
- 9 Papadopoulos E., Gallidis E., Ptochos S., Anthelmintic resistance in sheep in Europe: a selected review. [Text] / Vet. Parasitol. -2012. –Vol.189.-P. 85-88.



10 Morgan E.R., A survey of helminth control practices on sheep farms in Great Britain and Ireland [Text]/ Hosking B.C., Burston S., Carder K.M., Hyslop A.C., Pritchard L.J., Whitmarsh A.K., Coles G.C., //Vet. J. -2012. –Vol. 192. -P. 390-397.

11 Jack C., A quantitative analysis of attitudes and behaviours concerning sustainable parasite control practices from Scottish sheep farmers [Text]/ Hotchkiss E., Sargison N.D., Toma L., Milne C., Bartley D.J.,// Prev. Vet. Med. -2017. –Vol. 139.-P. 134-145.

ӘОЖ 619.618.4-72 : 636-2

## АСПАПТЫҚ ЖӘНЕ БИОФИЗИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН СИЫРЛАРДЫҢ БУАЗДЫЛЫҒЫН ДИАГНОСТИКАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

*Құрманғалиев Е.Е., 2 курс магистранты  
Джакупов И.Т.проф.ғылыми жетекші  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Қазақстанның ауыл шаруашылығы кешені – еліміздің даму бағыттарының маңызды бөлігі болып табылады. Себебі ауыл шаруашылығы саласын дамыту елдің экономикалық және әлеуметтік әл-ауқатының кепілі.

Ірі қара малдағы буаздылығын диагностикалау зооветеринарлық маңызды іс-шаралар болып табылады, оның дұрыстығы жануарларды көбейту бойынша жоспарлы жұмысты жүргізуге байланысты. Бұл жұмысты орындау кезінде бедеуліктен ажыратып қана қоймай, буаздылық мерзімін де анықтау өте маңызды [1].

Буаздылықты диагностикалау кез келген ірі қара мал мал шаруаршылығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Диагностикалау әдістеріне тік ішекті пальпациялау, трансректальды сонография және биохимиялық анализдер жатады. Ең жақсы әдісті анықтау үшін ветеринарлық шығындар малды ұстауға жұмсалатын шығындармен салыстырылуы керек [2].

Қазіргі уақытта ірі жануарларда, мысалы сиырларда буаздықты диагностикалаудың негізгі әдісі-дамып келе жатқан ұрықты тік ішек арқылы пальпациялау болып табылады. Бұл әдіс ұрықтанғаннан кейін 60-70 күннен кейін буаздылық мерзімін белгілеуге мүмкіндік береді.

Буаздылық мерзімін анықтау үшін ультрадыбыстық сканерлерді қолдану тік ішек арқылы электронды сенсорды енгізу қажеттілігіне байланысты шектеулі.

Ұрықтандырылған жануардың сәтсіз буаздылығын ерте және дәл диагностикалау өнеркәсіптік мал шаруашылығы үшін үлкен экономикалық маңызға ие. Осыған байланысты, жыныстық циклдің қозуының келесі сатысында жануарды қайтадан ұрықтандыру мүмкіндігін жіберіп алмау үшін жануардың буаз емес екенін дәл анықтауға болатын әдіске айтарлықтай қажеттілік бар.

Жұмыстың мақсаты: Буаздылық мерзімі мен жасына байланысты сиырлардың буаздылығы мен бедеулігін диагностикалаудың аспаптық әдісінің тиімділігін анықтау.

Жұмысты орындау барысында тәжірибелер Солтүстік Қазақстан облысы Аққайын ауданы «Салют» ЖШС жүргізілді. «Салют» ЖШС негізінен сүтті бағыттағы қара ала тұқымды сиырлар өсіріледі.

Зерттеу материалдары: акушерлік құрал жабдықтар, «EMR V-9» УДЗ – сканері(Қытай), жануарларды тіркеу журналы, ІҚМ, жануарларды бекіту орындары, бір реттік қолданылатын полиэтилен қолғап, халат, резеңке етік, вазелин т.б .

Жұмыстың бастапқы материалы әртүрлі жастағы сиырлар, 2022-2023 жылдардағы малдың ұдайы өсіп-өну журналы, ұрықтандыруды есепке алу журналы, сондай-ақ зерттеулер мен бақылаулардың нәтижелері болады.

Сыыр жасының буаздық пен бедеулікті аспаптық диагностикалық зерттеуге әсерінің негізі жануар ағзасындағы орын алынатын жыныс мүшелерінің жасына байланысты өзгерістеріне тікелей байланысты.

«Салют» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сыырларының буаздылығы мен бедеулігін анықтау мақсатында 97 сыырға ультрадыбыстық зерттеу арқылы және «Pregnancy Diagnosis» аспабының көмегімен диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Ұрықтандыру мерзімін ескере отырып буаздық күндері анықталғаннан кейін, сыырларды бес топқа бөліп қарастырылды: буаздылық күндері I топ (n= 17) 28 – 60 күн, II топ(n= 28) 61 - 120 күн, III топ (n= 18) 121 - 150 күн , IV топ (n= 16) 151 -180 күн , V топ(n= 18) 181-285күн.


Аспаптық зерттеу барысында 97 сыырдан 77 сыыр буаз оның ішінде I топқа – 11, II топ – 19, III топ– 14, IV топ– 16, V топ– 17 сыыр; 15 сыыр күмәнді I топқа – 3, II топқа – 7, III топқа – 4, V топ– 1 сыыр; 5 сыыр бедеу оның ішінде I топқа – 3, II топқа – 2 сыыр анықталды.

Ультрадыбыстық зерттеу барысында 90 сыыр буаз, оның ішінде ішінде I топқа – 13, II топ – 26, III топ– 17, IV топ– 16, V топ– 18 сыыр; 7сыыр бедеу оның ішінде I топ– 4 сыыр, II топ – 2 сыыр, III топ– 1 сыыр анықталды(кесте 1).

1 кесте – Буаздық мерзіміне байланысты буаздық пен бедеулікті зерттеу нәтижелері

Буаздылық мерзімі	Мал басы саны	Аспаптық зерттеу						УДЗ				Қорытынды	
		буаз		күмәнді		бедеу		буаз		бедеу		буаз	бедеу
		n	%	n	%	n	%	n	%	n	%		
28-60	17	11	64	3	18	3	18	13	76	4	24	84%	75%
61-120	28	19	68	7	25	2	7	26	92	2	8	75%	100%
121 -150	18	14	78	4	22			17	94	1	6	82%	0%
151-180	16	16	100					16	100			100%	100%
181-	18	17	94	1	6			18	100			94%	100%

Кестеден қара-ала тұқымды сыырлардың буаздылық мерзіміне байланысты буаздық пен бедеулікті диагностикалауды «Pregnancy Diagnosis»аспабының тиімділігі келесідей нәтиже алынды (1 - сурет):



1 сурет - "Pregnancy diagnosis" аспабының тиімділігі

Жасына байланысты «Салют» ЖШС-нің қара-ала тұқымды 97 сыырды буаздық пен бедеулігін диагностикалау мақсатында 3 топқа бөліп қарастырдық. Зерттеу әдістері ретінде, ультрадыбыстық зерттеу және аспаптық зерттеу қолданылды. I топқа 2 жасқа дейінгі сыырларды, II топқа 3 пен 5 жас аралығындағы сыырларды, III топқа 5 жастан жоғары сыырларды енгіздік. Зерттеу нәтижелері төменгі кестеде келтірілген (2 кесте).

2 кесте - Сиыр жасына байланысты буаздық пен бедеулікті диагностикалау әдістерінің нәтижелері

Малдың жасы	Мал басы саны	Аспаптық зерттеу						Тік ішек арқылы зерттеу				Қорытынды	
		буаз		күмәнді		бедеу		буаз		бедеу			
		n	%	n	%	n	%	n	%	n	%	буаз	бедеу
2	27	18	67	5	18	4	14	23	85	4	15	78%	100%
3-5	49	44	89	4	8	1	2	48	97	1	3	91%	100%
5-тен жоғары	21	15	71	6	28			19	90	2	10	79%	0%

Қорытынды

«Салют» ЖШС сиырларының буаздылығы мен бедеулігін «Pregnancy Diagnosis» аспабының көмегімен диагностикалау тиімділігін анықтау барысында 28-60 күн аралығында буаздылық - 84%, бедеулігі - 75%, 61-120 күн аралығында буаздылық - 75%, бедеулігі - 100%, 121-150 күн аралығында буаздылық - 82%, 150-181 күн аралығында буаздылық - 100%, бедеулігі - 100%, 181 – 285 күн аралығында буаздылық - 94%, бедеулігі - 100% тиімділігі анықталды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Айтышев С. А. Диагностика стельности коров на учебно-научной базе Курганской ГСХА [Текст]/ Наука в исследованиях молодежи. Сборник статей по материалам студенческой научной конференции. Курганская государственная сельскохозяйственная академия им. Т.С. Мальцева, -2022. – Часть II.- С. 113-116. – EDN ATQSTJ.

2 Bagley J. E., Richter M. P., & Lane T. J. The Role of Transrectal Sonography in Pregnancy Diagnosis in Cattle. [Text]/ Journal of Diagnostic Medical Sonography. - 2023. -№39(1).-P. 50–60. <https://doi.org/10.1177/87564793221120260>.

3 Патент № 2775205 С1 Российская Федерация, МПК А61К 31/00, А01К 67/02. Диагностический набор для определения беременности и бесплодия коров: № 2021113020: заявл. 04.05.2021: опубл. 28.06.2022 [Текст]/ С. В. Позябин, Л. А. Гнездилова, С. В. Федотов [и др.]; заявитель Федеральное государственное бюджетное образовательное учреждение высшего образования "Московская государственная академия ветеринарной медицины и биотехнологии - МВА имени К.И. Скрябина". – EDN ИКМУАХ.

УДК 636.32/38:661.155.3:378.26(045)

### ВЛИЯНИЕ ЭКСТРУДИРОВАННЫХ КОРМОВЫХ ДОБАВОК НА МЯСНУЮ ПРОДУКТИВНОСТЬ ОВЕЦ В КАТИУ ИМЕНИ САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА

Курманов Т.К., магистрант

Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина  
г. Астана

На сегодняшний день баранина широко используется во всем мире, а уровень продуктивности овец является одним из важнейших показателей, определяющих доходность.

В Баранине содержится большое количество легкоусвояемых белков, микро- и макроэлементов. Минеральных веществ и витаминов в баранине примерно столько же, сколько в говядине и свинине. Также баранина содержит калий, натрий, кальций, магний, фосфор, витамины В1, В2, РР.

Для получения больших объемов качественного и безопасного мяса целесообразно использовать в рационе овец кормовые добавки, а повышенная доступность питательных веществ может привести к более высокой эффективности кормления, что, в свою очередь, может улучшить общую продуктивность животных [1].

В связи с этим в наши задачи входила разработка таких полифункциональных кормовых биодобавок, которые будут повышать мясную продуктивность, улучшать общее состояние животного и качество получаемого мяса.

Помимо того, что кормовые добавки должны быть эффективными, необходимо удостовериться в их безопасности. Одним из главных параметров безопасности кормов и кормовых добавок является микробная загрязненность.

Микробная контаминация кормов снижает эффективность производства и качество продукции животноводства. Санитарное качество кормов определяют по степени их контаминации представителями сапрофитной, условно патогенной и патогенной микрофлоры, а также токсическими веществами антропогенного и биологического происхождения [2]. Кроме этого, корма могут быть загрязнены остатками пестицидов, которые применяют при возделывании фуражных культур [3], токсическими элементами, выбрасываемыми в окружающую среду промышленными предприятиями и автотранспортом, микотоксинами, фитотоксинами, нитратами и нитритами [4].

Для обеспечения высокого качества корма и кормовых добавок, во многом определяющих эффективность животноводства, необходима термическая обработка сырья. Одним из эффективных методов обеззараживания сырья является баротермическая обработка путем экструдирования. Баротермическая обработка или экструдирование состоит из двух основных процессов – механохимический «перетираание» и «взрыв» продукта. Последний происходит в результате резкого изменения давления в зерне на выходе из экструдера. Оба процесса непрерывны и протекают при высокой степени сжатия и определённой скорости прохождения сырья через экструдер [5].

При рекомендуемых режимах экструзии в зерне гибнет большая часть микрофлоры (бактерии, плесневые грибы). Зверев А. (2008) утверждает, что в процессе экструзии в зерне кукурузы и пшеницы микроорганизмы погибают полностью, а в ячмене их остается около 6% из-за высокой температуры (130-160 °С) и давления (20-80 атм.) [6].

При баротермическом воздействии крахмал зерновых культур гидролизует до простых сахаров, тем самым позволяя увеличить поедаемость скармливаемого корма за счёт улучшения органолептических качеств. После проведения экструдирования, уровень сахара в пшенице увеличивается на 106,83%, в ячмене – на 71,43%, а в горохе – на 15,28% [7].

В связи с этим мы задались целью разработать эффективный, полифункциональный и безопасный корм для овец с использованием экструдированных компонентов.

В качестве экструдированных компонентов можно использовать: пшеницу, кукурузу, просо, овес, ячмень, отруби, жмых и прочие.

Первоначальным этапом наших исследований была проверка безопасности компонентов на общую токсичность.

Результаты: Проверку на безопасность проводили путем определения токсичности на пресноводных инфузориях *ParameciumcaudatumEhrenberg* [ГОСТ Р 57166-2016 Вода. Определение токсичности по выживаемости пресноводных инфузорий *ParameciumcaudatumEhrenberg*].

Контроль определения общей токсичности осуществляли, используя цифровой трихинеллоскоп «Partner» DT-10M, служащий для проецирования изображения под микроскопом на монитор.

При изучении общей токсичности корма, содержащего экстракт полыни горькой, нами определен положительный хемотаксис в трех повторениях.

Инфузории не избегали изучаемого объекта, находились вблизи них, вели себя естественно. Гибели биологических тестов объектов в течении 15 минут не наблюдали.

Кормовая добавка была изготовлена в производственно-испытательном цехе ТОО «NFT-KATU». В состав кормовой добавки входит пшеница, ячмень, овес, жмых, фитобитическая добавка BioFeed-P и экстракт полыни горькой.

В состав BioFeed-P входит большое количество биологически активных компонентов: жирные кислоты, флавоноиды, органические кислоты, фенолокислоты, углеводы, эфирные масла, витамины А, С, Р, В12, микроэлементы; аминокислоты, фенолгликозиды и другие классы соединений, обладающие высокой биологической активностью. BioFeed-P является отличным иммуностимулятором, улучшающий обменные процессы, профилактирующий незаразные и инфекционные заболевания.

Экстракт полыни горькой обладает противопаразитарным и антисептическим действием, улучшает пищеварение, стимулируя рефлекторное отделение желчи, содержит горькие гликозиды анабентин и абсинтин, эфирные масла, органические кислоты, витамины – А, В1, В2, В3, В6, В9, В12, С, D, Е, К, РР; флавоноиды, антиоксиданты, фитанциды, дубильные и смолистые вещества.

Для эксперимента были сформированы 2 группы овец – опытная и контрольная. Опытной группе в течение 47 дней скармливали разработанные полифункциональные кормовые добавки.

Перед началом опыта было произведено первоначальное взвешивание овец (таблица 1).

Таблица 1 – Результаты взвешивания овец до эксперимента

Опытная группа		Контрольная группа	
ID	Вес, кг.	ID	Вес, кг.
8259	23,5	8262	27
8261	32,5	8267	37
8263	30	8268	28
8271	42	8269	34,5
8272	35	8270	36,5

В результате проведенного эксперимента, в контрольной группе овец относительный прирост составил 14,1% при этом абсолютный прирост 4,6%. В опытной группе относительный прирост – 15,9%, абсолютный прирост – 5,2%.

По данным из таблиц 2 и 3 видно, что наибольший относительный и абсолютный прирост был в опытной группе, а наименьший в контрольной группе.

Таблица 2 – Динамические показатели контрольной группы

ID	27.10.2022	12.12.2022	Абсолютный прирост, кг	Ср. суточный привес, г
8262	27	31	4	85,10
8267	37	43,5	6,5	138,2
8268	28	32	4	85,10
8269	34,5	38,5	4	85,10
8270	36,5	41	4,5	95,74
Ср. значение	32,6	37,2	4,6	97,84
Дисперсия	18,14	24,26	0,94	424,042
Сигма	4,26	4,92	0,97	20,6
Ошибка	±1,9	±2,2	±0,43	±9,2
Относительный прирост		14,1		



Таблица 3 – Динамические показатели опытной группы

ID	27.10.2022	12.12.2022	Абсолютный прирост, кг	Ср. суточный привес, г
8259	23,5	27	3,5	74,46
8261	32,5	39	6,5	138,2
8263	30	33	3	63,82
8271	42	48,5	6,5	138,2
8272	35	41,5	6,5	138,2
Ср. значение	32,6	37,8	5,2	110,58
Дисперсия	36,74	53,86	2,56	1155,86
Сигма	6,06	7,34	1,6	33,9
Ошибка	±2,7	±3,28	±0,71	±15,2
Относительный прирост		15,9		

Выводы. Использование баротермической обработки фуражного зерна и изготовление экструдированных продуктов позволяет получить качественные и безопасные корма и кормовые добавки, освобожденные от микробиологических загрязнителей, а из полученных данных по откорму овец можно сделать вывод, что кормовые добавки, обогащенные экстрактом полыни горькой, используемые для кормления опытной группы, оказались эффективны, так как полынь содержит гликозиды и эфирные масла, которые стимулируют выделение желчи и усиливают сократительную способность желчевыводящих путей, а горечи способствуют обильной саливации. Овцы начинают более охотно есть, улучшается переваривание жиров и более эффективно усваиваются питательные вещества. Благодаря данным свойствам мы можем наблюдать прирост динамических показателей у овец опытной группы.

### Список литературы

- 1 Giller K., Sinz S., Messadene-Chelali J., Marquardt S. Maternal and direct dietary polyphenol supplementation affect growth, carcass and meat quality of sheep and goats. [Text]/ *Animal*. -2021. №15(9). 100333. doi:10.1016/j.
- 2 Соболева О.М. Микробиологическая контаминация кормов и электрофизический метод ее снижения [Текст] О.М. Соболева, Л.А.Филипович, М.М. Колосова *Достижения науки и техники АПК*. -2018. -Т. 32. -№12. -С. 50-52.
- 3 Kumar M. Chand R., Shah K. Mycotoxins and pesticides: toxicity and applications in food and feed [Text]/ *Microbial Biotechnology*. Singapore: Springer. -2018.- P. 207–252. DOI: 10.1007/978-981-10- 7140-9\_11.
- 4 Hassan Z.U., Al-Thani R. F., Migheli Q., etc. Detection of toxigenic mycobiota and mycotoxins in cereal feed market [Text]/ *Food Control*. -2018. -Vol. 84. -P. 389–394. DOI: 10.1016/j. foodcont.2017.08.032.
- 5 Новиков В.В. Обоснование конструктивной и структурно-функциональной схемы прессэкструдера кормов [Текст]/ сборник материалов / В.В. Новиков, Д.В. Беляев, В.В. Успенский НПК молодых учёных. – Пенза: РИО ПГСХА, 2007. – С. 85-86.
- 6 Зверев А.И. Экструдирование и плющение фуражного зерна в проблеме повышения его продуктивного действия [Текст]/ А.И. Зверев // *Корма из отходов. АПК. Техника и технология*. – Запорожье. -2008. -С. 17-18.
- 7 Балджи Ю.А., Абаканова Г.Н., Аманжолова К.Т. Влияние экструдирования на микробиологические показатели кормов и кормовых биодобавок [Текст]/ *Ж. Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина Нұр-Сұлтан*. -2021.- №3(110). -С. 96-105. doi.org/10.51452/kazatu.2021.3(110).748.

*Научный руководитель: к.в.н., доцент Балджи Ю.А.*

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНДА ЖЫЛҚЫНЫҢ САЛЬМОНЕЛЛЕЗДІК ІШ ТАСТАУЫ БОЙЫНША АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

*Муратов Р.Б., 2 курс магистранты  
Мұханбеткалиев Е.Е., в.э.к., қауымдастырылған профессор  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

### Аннотация

Мал басын қалпына келтіру, табын жылқы шаруашылығының өнімділігін арттыру және жоғары сапалы өнімдерді алу басқа факторлармен қатар ветеринариялық профилактикалық іс-шаралардың тиімділігіне, оның ішінде жұқпалы аурулармен күресуге де байланысты.

Сальмонеллездік іш тастау елдің жылқы шаруашылығына айтарлықтай экономикалық зиян келтіретін жылқылардың кең таралған жұқпалы ауруларының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында жылқы шаруашылығы тарихи қалыптасқан жағдайларға байланысты мал шаруашылығының маңызды саласы болып табылады. Қазіргі уақытта жылқы саны бойынша республикаТМД-да алғашқы орындардың бірін алады. Республиканың экономикалық дамуының маңызды шараларының бірі және негізгі бағыты ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру, ғылым жетістіктерін өндіріске енгізу мерзімдерін қысқарту болып табылады.

Республикада биелердің сальмонеллездік іш тастауының арнайы алдын алудың тиімді және экономикалық негізделген тәсілін әзірлеу ветеринария ғылымы мен практикасының өзекті проблемасы болып қала береді.

Кілт сөздер: сальмонеллез, індеттік жағдай, іш тастау, *Salmonella equi*.

Жылқылардың сальмонеллездік іш тастауының пайда болуы, таралуы және барысы жануарлардың иммунологиялық реактивтілігінің жағдайына байланысты, өйткені табынды жылқы шаруашылығында буаз биелер қоршаған орта факторларына өте тәуелді. Экономикалық залал аналық бездердің репродуктивті қабілетінің жоғалуынан, төлдердің жетіспеуінен, бие өнімділігінің төмендеуінен тұрады[1].

Ең жиі кездесетін клиникалық көріністер-диарея, температураның жоғарылауы, ауырсыну және лейкопения. Ауру бактериялардың нәжістен шығарылуымен расталады, ал емдеу және болжам аурудың клиникалық түріне байланысты. Жылқы сальмонеллезінің алдын-алу қоршаған ортада көптеген инфекция көздерінің болуына байланысты қиын. Алайда, ауру болған жағдайда инфекцияның басқа жылқыларға таралуын жұқтырған жануарды оқшаулау және жұқтырған ортаны дезинфекциялау арқылы болдырмауға болады[2].

Салмонелла бактерияларының шығарылуына және жасырын жұқтырған жылқыларда аурудың клиникалық түрінің дамуына ықпал ететін факторлар (стресс, азықтану мінез-құлқының өзгеруі, антибиотикотерапия, хирургиялық процедуралар) клиникаға жатқызылған жануарларда жиі кездеседі, сондықтан оларды басқа жануарлар мен адамдар үшін инфекцияның ықтимал көзі ретінде қарау керек[3].

Іш тастаулар жаппай болуы мүмкін, табында 80% - ға дейін биелер түсік тастайды. Сальмонеллезбен ауыратын биелерденөлсіз төлдералынуы мүмкін, оларда ауру бактериемиямен, ауыр токсикозмен, сарқылумен бірге жүреді де, кейін өлімге әкеледі. Республикадағы аурудың эпизоотологиясы бойынша алғашқы мәліметтер 1940 және 1950 жылдары жарық көрді, оның нәтижесінде Қазақ КСР-де биелер арасында инфекциялық түсіктер өткен ғасырдың 30-жылдарының басынан бастап тіркелді. Әр жылдары бие іш тастаулары 6 – 30% - ға жеткен, оның 50% - дан астамы сальмонеллез этиологиясына жатады. 1970 және

1971 жылдары республика шаруашылықтарында сальмонеллез этиологиясының жаппай түсіктері тіркелді: Алматы облысының Еңбекші-қазақ ауданында түсіктер аналық биттердің 44%-ында, Нарынқол ауданында – 20-40% – ында; Шелек ауданында-аналық биелердің 30% – ында; Талдықорған облысының Ақсу ауданында-43% - ында; Қапал және Қаратал аудандарында іш тастаулар аналық биелердің 44% - ында сальмонеллездік іш тастау тіркелді. 1969-1974 жылдары іш тастаулар Шығыс Қазақстан (шамамен 40 %), Жамбыл (20 %), Қызылорда (25% дейін) облыстарының шаруашылықтарында байқалды. 1981 жылы Маңғыстау облысының шаруашылықтарында 1000 биенің 384-і (38, 4%) іш тастаған. 1985 жылдың желтоқсан айында Атырау облысында 260 биенің 155-і (59,5%) іш тастаған[4,5,6,7].

Материалдар мен әдістер. Биелердің сальмонеллездік іш тастауы бойынша індеттік жағдайды зерделеу кезінде Жамбыл облысының (Жуалы ауданы «Ертай» ш/қ, Байзақ ауданы «Бектөбе» ш/қ) індеттік деректер пайдаланылды және зерттелді.

Жамбыл облысында биелердің сальмонеллездік іш тастауының індеттік процесінің сипатын бағалау мақсатында, Жуалы ауданы аумағының мысалында эпизоотиялық қолайсыздық деңгейін, індеттің қайталану процесінің ұзақтығы, сипаты мен кезеңдері және таралу сипатын анықтау, індетке қарсы алдын алу шаралары жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Эпизоотологиялық мониторингтің деректері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында биелердің сальмонеллезді іш тастауы жаппай таралған, ауру республиканың жылқы шаруашылығымен айналысатын барлық облыстарда тіркеледі. Қазіргі уақытта республика шаруашылықтарында биелердің шамамен 20-30% жыл сайын төл бермейді. Құлындарды жеткіліксіз қабылдау факторларының бірі-жылқы шаруашылықтарына үлкен экономикалық зиян келтіретін сальмонеллезді іш тастау. Жуалы ауданының аумағында эпизоотологиялық журналдың мәліметтері бойынша биелердің сальмонеллездік абортты 1951 жылдан бастап тіркеле бастады (Билікөл ауылдық округі). Биелердің сальмонеллездік іш тастауын есепке алу бойынша жинақталған ақпараттың мониторингі Жуалы ауданының бірнеше елді мекендерінде осы аурудың таралуын куәландырады.

1 кесте -«Ертай» ш/қ-ғы мен «Бектөбе» ш/қ-нан алынған қан сынамаларын ИФА арқылы тексеру нәтижесі

Ш/қ	Алынған сынама саны	Ауру анықталды
«Бектөбе»	10	-
«Ертай»	10	2

Бұл аумақтарда жылқы өсіру негізінен елді мекенге жақын жерде жүзеге асырылады. Бұл жайылымдық жерлердің жетіспеушілігіне және жылқы өсіру базаларын жайластыру бойынша жұмыстардың нашар ұйымдастырылуына байланысты. Табындар үнемі бір-бірімен қиылысады. Агромелиорациялық жұмыстардың тоқтатылуына байланысты аталған қатпарлар аумақтарында шабындық жерлердің тапшылығы байқалады. Кеңес Одағы кезінде өңделген және өсірілген шабындық жерлер жарамсыз болып қалды.

2 кесте - «Ертай» ш/қ-да соңғы 5 жыл ішінде алынған төл көрсеткіші

Мерзімі	Мал басы	Іш тастаулар	Алынған төл саны
2018 ж	120	4	64 (53,3%)
2019 ж	112	2	40 (35,7%)
2020 ж	103	-	56 (54,4%)
2021 ж	85	6	35 (41,2%)
2022 ж	122	2	66 (54,1%)

*Биелерде іш тастаудың алдын алу үшін, шаруашылыққа келесі нұсқаулар берілді:*

- буаз биелерді зоогигиеналық және зоотехникалық талаптарға сәйкес жағдайларда ұстау;
- қоралық кезеңде оларға сапалы шөп пен концентраттардың жеткілікті мөлшерін беру;

- минералды заттар мен витаминдермен рационды теңгеру;
- жүйелі түрде моцион ұйымдастыру қажет.

*Инфекцияның қоздырғышының шаруашылыққа енуіне жол бермеу үшін:*

- барлық келген жылқыларға карантин қойылады;
- оның барысында мұқият клиникалық тексеру жүргізу;
- биелерді гинекологиялық тексеруден өткізіп, содан кейін құлындауға дейін бөлек топта ұстау;

- табында сальмонеллез этиологиясы бар биелерде іш тастаулар пайда болған кезде оларды дереу оқшаулап және емдеу, ал қалғандарын вакцинациялау.

Қораларды, жылқыларға күтім жасайтын заттарды және жабдықтарды бір мезгілде дезинфекциялай отырып, мұқият механикалық тазалау және дезинфекциялау жүргізіледі. Ағымдағы дезинфекция үшін құрамында 3% белсенді хлор немесе 3% креолин эмульсиясы бар ағартқыштың тазартылған ерітіндісі қолданылады.

Тұрақты жасушалық және гуморальдық иммунитетті қалыптастыру үшін биелерді міндетті түрде вакцинациялау қажет. Вакцинаны қолдану вакцинацияланған жылқылардың 90-95% сальмонеллездік іш тастаудан қорғайды, құлындардың шығуын 15-20% - ға арттырады.

Биенің сальмонеллезді іш тастауының спецификалық алдын алу мақсатында ассоциацияланған инактивтендірілген отандық «Salmonella abortus-equi E-841», және ресейлік БН-12вакцинасы қолданылды.03.2022 ж тәжірибе ретінде үш топ биелер құрылды, екі топ вакцинацияланды, ал үшінші топ салыстырмалы бақылаушы топ болды.

3 кесте- «Ертай» ш/қ-да 2023 жылғы төл шығару көрсеткіші

Вакцина атауы	Мал басы	Төл алынды
БН-12	20	16(80%)
Salmonella abortus-equi E-841	20	17(85%)
Бақылау тобы	20	11(55%)

Қорытынды. Отандық және ресейлік вакциналардың әсерінде айтарлықтай ерекшеліктері жоқ. Буаз биелерді уақытылы вакцинациялау төл алу көрсеткішін 30-35%-ға арттыратына көз жеткіздік. Қазіргі уақытта профилактикалық вакцинациялау тек жылқы иелерінің күшімен жүзеге асырылады. Жыл сайын иммундеумен 1-2 мың бас жылқы қамтылады. Вакцинацияның бұл деңгейі жылқыларда сальмонеллездің қайта пайда болуынан және таралуынан қорғауды қамтамасыз ете алмайды. Осылайша, республикада сальмонеллезді іш тастау бойынша індеттік жағдай қауырт күйінде қалып отыр. Сондықтан сальмонеллез аборттына жоспарлы диагностикалық зерттеулерді кеңейту керек. Қолайсыз, қауіп төндіретін және сауықтыру пункттерінде сальмонеллезге қарсы алдын алу іс-шараларының жоспарларын әзірлеу және іске асыру қажет.

### Әдебиеттер тізімі

1 Гулюкин М. И. Профилактика массовых инфекционных болезней лошадей в табунном коневодстве [Текст]/ М. И. Гулюкин, К. П. Юров // Ветеринария и кормление. – 2004. – № 4. – С. 22-24.

2 Majhut M., BrkljačaBottegaro N., Habuš J., Štritof Z., Lučić K. Equine salmonellosis | [Salmonelozakonja], [Text]/ VeterinarskaStanica. -2019.- №50(1). -P. 55-62.

3 Неустроев М. П. Инфекционные болезни лошадей [Текст]/ Проблемы развития сельского хозяйства в условиях вечной мерзлоты: сб. материалов научной экспедиции. – Новосибирск. – 1993. – Т.2. – С. 188-192.

4 Неустроев М. П. Новые средства и методы профилактики инфекционных болезней лошадей табунного содержания [Текст]/ М. П. Неустроев, К. П. Юров // Доклад РАСХН. – 2006. – № 1 – С. 54-56.

5 Юров К.П. Некоторые итоги работы лаборатории вирусологии ВИЭВ [Текст]/ Ветеринария и кормление. – 2014. – № 5. – С. 60.

6 Н. П. Тарабукина, А. А. Баишев, М. П. Неустроев, С. Г. Петрова. Санация объектов внешней среды при инфекционных болезнях лошадей [Текст]/ Болезни лошадей: диагностика, профилактика, лечение: материалы науч.-практ. Конф. По болезням лошадей. – М., 2004. – С.4-6.

7 Султанов А.А., Мусаева А.К., Егорова Н.Н., Досанова А.К. Диагностика и профилактика сальмонеллезного аборта кобыл [Текст]/ Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2015. – № 12-10. – С. 1883-1887.

**УДК 619:614.31:615.9**

## **ИЗУЧЕНИЕ ВЛИЯНИЯ ФИТОКОМПОЗИЦИИ НА НЕКОТОРЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ ОБМЕНА ВЕЩЕСТВ У КОШЕК, БОЛЬНЫХ ГЕПАТОЗОМ**

*Мурзахметова Д.М., магистрант 2 курса  
Казахский агротехнический исследовательский университет им. С.Сейфуллина  
г. Астана*

Печень - центральный орган химического гомеостаза, выполняющий более 500 метаболических функций. Установлена и доказана ключевая роль печени в реакциях обмена углеводов, липидов, белков, макро и микроэлементов, витаминов, поддержания иммунного баланса в организме. В настоящее время насчитывают несколько тысяч ксенобиотиков, которые могут поступать в организм животного с водой, пищей, воздухом. Любая тяжелая экзоагрессия, проявляющаяся инфекционным, химическим и другим воздействием на организм, сопровождается нарушением функции печени — органа, обеспечивающего активную детоксикацию. Нарушение ее функций влечет за собой каскад патологических изменений в организме, которые ухудшают качество жизни животных и нередко приводят их к гибели [1,3].

Согласно литературным данным, у кошек из заболеваний печени наиболее распространены гепатоз (22,9 %), гепатопатия (13,5 %), метастазирующие опухоли (12,8 %) и липидоз (11 %) [2].

Гепатоз - одно из часто встречающихся заболеваний печени кошек всех пород.

Под гепатозом в ветеринарии подразумевают целую группу патологических состояний печени, которые непосредственно имеют связь с нарушенным функционированием процессов обменного характера. Гепатозы сопровождаются выраженными перерождениями тканевых структур печени, а также дистрофией и некрозом гепатоцитов (клеточных единиц печени) [3].

Гепатоз у кошек является фактором нарушения процессов обменного характера. Выделяют несколько видов гепатоза – жировую дистрофию и амилоидоз печеночных структур. Так, при развитии жировой дистрофии клеточные структуры органа начинают перерождаться в жировые ткани [4].

Широкое распространение хронических поражений печени и недостаточная эффективность современной фармакотерапии этих заболеваний определяют необходимость создания лекарственных средств и методов лечения, способных препятствовать прогрес-



сированию и вызывать обратное развитие диффузных воспалительно-дистрофических нарушений печени, в том числе жировой дистрофии [5].

Целью нашей работы явилось изучение влияния фитокомпозиции из растений *Taraxacum officinale*, *Silybum marianum*, *Paeonia anomala* на показатели обмена веществ у кошек больных гепатозом.

Материалы и методы исследований.

Нами были исследованы и взяты в эксперимент 24 кошки разных пород с диагнозом «гепатоз», доставленных в ветеринарную клинику из города Астана и его пригорода. Возраст составлял от 3 до 6 лет, 70% заболевших животных – коты. Для постановки диагноза использовались общие клинические методы, методы биохимического анализа крови и мочи, методы рентгенографии и УЗИ.

Животных разделили на 3 группы: 2 опытные и 1 контрольная. В каждой группе по 10 кошек. Фитокомпозицию вводили в 30% и 50 % концентрации. Для выявления наиболее эффективной дозы - первой экспериментальной группе вводили по 5 капель настойки, разбавленных в 20 мл воды, второй группе – по 10 капель, разбавленных в 20 мл воды перорально.

Были проведены сравнительные исследования терапевтической эффективности гепатопротективного препарата Эссенциале форте Н и разработанной фитокомпозиции в составе комплексной терапии жирового гепатоза кошек.

В контрольной группе животным была назначена схема лечения, общепринятая при жировом гепатозе печени, включающая в себя:

-поддерживающую терапию- внутривенные инфузии солевых растворов (физиологический, Рингра из расчета 10...20 мл/кг в зависимости от степени дегидратации) и питательных (5%-я глюкоза,

-Дюфалайт из расчета 6...20 мл/кг в зависимости от степени истощения). Курс инфузионной терапии составлял от 7 до 10 дней, что зависело от тяжести течения заболевания;

-витаминотерапию — катозал из расчета 0,5...2,5 мл на животное в зависимости от индивидуального состояния, аскорбиновая кислота;

-гепатопротективную терапию -Эссенциале форте Н в течение 10 дней;

-антибиотикотерапию — амоксициллин (кламоксил LA) из расчета 1 мл/10 кг.

-противорвотные средства, при необходимости церукал (метоклопрамид) из расчета 0,05 мл/кг.

Схема лечения для животных опытных групп отличалась от таковой для контрольных заменой гепатопротектора Эссенциале форте Н на разработанный фитопрепарат для лечения жирового гепатоза, который ввели однократно в дозе 0,5...1,0 мл/кг, подкожно на 1...8-й день лечения.

Результаты исследований

Таблица 1- Среднее значение показателей биохимического анализа крови у больных гепатозом кошек контрольной группы

№	Показатель	Единицы измерения	Нормативные величины (по Медведевой М.А.)	I контрольная группа (n-10)	
				До лечения	После лечения
1	Фосфатаза щелочная	Ед/л	13,0...150,0	671,4±26,35	379,1±13,31
2	АЛТ	Ед/л	20,0...85,0	769±87,74	425,3±21,22
3	АСТ	Ед/л	10,0...50,0	410,7±66,38	214,0±8,05
4	Билирубин общий	Ммоль/л	0,5...10,0	36,4±2,17	23,4±1,27

5	Альфа-амилаза	Ед/л	531,0...1660,0	1815,0±389,03	1389,2±218,89
6	Мочевина	Ммоль/л	5,5...11,0	12,0±0,68	10,9±0,61
7	Глюкоза	Ммоль/л	2,6...8,4	6,3±0,36	6,2±0,38
8	Креатинин	Мкмоль/л	50,0...160,0	147,9±9,55	142,6±11,40

Таблица 2-Среднее значение показателей биохимического анализа крови у больных гепатозом кошек 1-й опытной группы

№	Показатель	Единицы измерения	Нормативные величины (по Медведевой М.А.)	I контрольная группа (n-10)	
				До лечения	После лечения
1	Фосфатаза щелочная	Ед/л	13,0...150,0	668,6±35,67	236,1±26,92
2	АЛТ	Ед/л	20,0...85,0	539,29±75,64	259,1±10,22
3	АСТ	Ед/л	10,0...50,0	288,2±4,62	135,6±2,23
4	Билирубин общий	Ммоль/л	0,5...10,0	41,8±3,93	9,9±0,41
5	Альфа-амилаза	Ед/л	531,0...1660,0	2581,5±502,6	2372,7±386,49
6	Мочевина	Ммоль/л	5,5...11,0	9,5±0,17	10,5±0,49
7	Глюкоза	Ммоль/л	2,6...8,4	6,5±0,86	5,5±0,37
8	Креатинин	Мкмоль/л	50,0...160,0	122,6±0,17	126,5±1,80

Таблица 3-Среднее значение показателей биохимического анализа крови у больных гепатозом кошек 2-й опытной группы

№	Показатель	Единицы измерения	Нормативные величины (по Медведевой М.А.)	I контрольная группа (n-10)	
				До лечения	После лечения
1	Фосфатаза щелочная	Ед/л	13,0...150,0	754,4±27,11	129,3±4,63
2	АЛТ	Ед/л	20,0...85,0	834,3±113,58	256,5±12,56
3	АСТ	Ед/л	10,0...50,0	508,3±28,42	158,2±16,26
4	Билирубин общий	Ммоль/л	0,5...10,0	81,8±8,10	29,6±0,37
5	Альфа-амилаза	Ед/л	531,0...1660,0	2963,6±444,52	2817,8±397,83
6	Мочевина	Ммоль/л	5,5...11,0	9,6±1,17	12,4±2,31
7	Глюкоза	Ммоль/л	2,6...8,4	5,6±1,39	5,0±0,64
8	Креатинин	Мкмоль/л	50,0...160,0	155,7±14,77	167,9±9,64

Введение в стандартную схему терапии фитокомпозиции позволило значительно сократить время восстановления функции печени, о чем свидетельствуют нормализация уровня трансфераз в сыворотке крови (табл.2,1).

Из данных, приведенных в таблице 1,2,3 видно, что в опытных группах произошло значительное улучшение биохимической картины крови, особенно это касается показателей, характеризующих работу печени.

Так, в 1-й контрольной группе активность АсАТ снизилась на 48,0 %, АлАТ- на 44,7 %, ЩФ -на 43,5 %, содержание билирубина уменьшилось на 35,7 %. У остальных показателей также отмечалось снижение значений. Активность альфа-амилазы в крови сни-

зилась на 23,5 %, содержание глюкозы в крови уменьшилось на 1,6 %, креатинина-на 3,6 %, мочевины - на 9,2 %.

У животных 1-й опытной группы, которым применяли фитокомпозицию, значительно уменьшилась активность трансфераз: АсАТ-на 68,9 %, АлАТ- на 69,3 %, а также ЩФ -на 82,9 % и концентрация билирубина - на 63,8 %. Активность альфа-амилазы снизилась на 4,9 %, концентрация глюкозы- на 10,7 %. Показатели, отражающие работу почек, напротив, незначительно выросли. Так, содержание креатинина в крови животных опытной группы выросло на 7,8 %, мочевины - на 29,2 %, что соответствует результатам исследования П.В. Буркова и П.Н. Щербакова [1].

У животных 2-й опытной группы активность АсАТ снизилась на 52,9 %, АлАТ-на 52,0 %, ЩФ -на 64,7 %, концентрация билирубина - на 76,3 %. Активность альфа-амилазы у животных данной группы снизилась на 8,1 %, а концентрация глюкозы - на 15,4 %. Почечные показатели, как и в 1-й опытной группе, имели тенденцию к росту: содержание креатинина выросло на 3,2 %, мочевины - на 10,5 %.

Заключение. По результатам исследования было установлено, что применение фитокомпозиции, в концентрациях 30 и 50%, в составе комплексной терапии для нормализации работы печени при жировом гепатозе у кошек, приводит к полной реабилитации животных, сокращению срока выздоровления, восстановлению функции печени, улучшению аппетита и общего состояния, коррекции показателей обмена веществ в крови.

### Список литературы

1 Ращектаев А.С. Заболевания печени у кошек [Текст]/ Вестник государственного аграрного университета. – 2013. -№ 3.– С. 88-91.

2 Чандлер Э.А. Болезни кошек [Текст]: Э.А. Чандлер, К. Дж. Гаскелл, Р.М. Гаскелл. – М.: ООО «Аквариум-Принт». 2011.-712 с.

3 Ращектаев А.С. Методы диагностики жирового гепатоза, их эффективность [Текст]/ Вестник Алтайского государственного аграрного университета. - 2013.- № 2 (100).- С. 90-92.

4 Сидорова К.А. Информативность лабораторных показателей при гепатопатиях животных [Текст]/ Сидорова К.А., Череменина Н.А., Краснолобова Е.П. // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. -2018. -№ 4 (72).- С. 254-257.

5 Gary D. Norsworthy The Feline Patient. Wiley-Blackwell. A John Willey&Sons [Text]/ Inc., Publication. -2016

6 Dombrowskiy V.O. «Overview of the main hepatoprotectors used in the practice of a veterinarian», Actual issues of improving the technology of production and processing of agricultural products: [Text]/ Mosolov readings: materials of the international scientific-practical conference. -2020.- P. 462.

**ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫ МАҢЫНДАҒЫ ЖЕКЕЛЕГЕН СУ  
ҚОЙМАЛАРЫ БАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН  
САНИТАРЛЫҚ-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ**

*Мусаева М.М., 2 курс магистранты  
Адильбеков Ж.Ш., доцент, ғылыми жетекші  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Балық – ересектер үшін де, балалар үшін де құнды тағам. Балық етінде адамдар үшін көптеген пайдалы заттар бар. Сонымен, ақуыздар 22 % құрайды. Олар негізгі бөлігінде толыққанды, ал адамдар оларды 98% сіңіреді. Майлар артық холестеринді кетіруге және метаболизмді жақсартуға әкелетін қанықпаған май қышқылдарына толы. Май мөлшері 0,4%-дан 35%-ға дейін. Құрамында 0,85% балық бар көмірсулар бұлшықеттердегі крахмал, гликоген болып табылады. Сақтау кезінде ол глюкоза мен сүт қышқылына бөлінеді. Балық –өте тұрақсыз өнім болып табылады және қанағаттанарлықсыз санитарлық сақтау жағдайында тез бұзылады. Бұл бірқатар факторларға байланысты: бұлшықет тінінің борпылдақ құрылымы, бұлшықеттерде гликоген аз. Балықтың денесі микроорганизмдердің дамуы үшін ең қолайлы орта болып табылатын шырышпен жабылған. Сонымен қатар, балықтар әртүрлі жұқпалы және инвазиялық ауруларға бейім. Бұл аурулардың кейбіреулері балықтың жаппай өлімі тұрғысынан қауіпті, ал басқалары антропоозооздар сияқты. Тұщы су балықтарының жұқпалы және көптеген инвазиялық ауруларының қоздырғыштары адамдар үшін қауіпті емес, бірақ ауру балықтың еті әдетте адам денсаулығына қауіпті әртүрлі микрофлорамен себілуі мүмкін: ботулизм кластридиялары, перфрингенс кластридиялары, сальмонеллалар, коагулазо позитивті стафилококктар, ішек, қызылиек және туберкулез таяқшалары, лептоспиралар, жұқпалы аурулар вирусы. гепатит және т. б. [1, 2].

Су көздеріндегі балықтардың паразиттік аурулары бойынша жағдай экологиялық жағдайдың құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Әдеби мәліметтерге сәйкес [3] балық паразиттерінің екі тіршілік ету ортасы бар – сыртқы орта және иесінің денесі, осылайша олар су қоймасының биоценозына әсер етеді, ондағы өздерінің экожүйесін құрайды.

Айта кету керек, паразиттік фактор – бұл иесі түрлерінің санын анықтауға және экожүйенің қалай жұмыс істейтінін түсінуге болатын маңызды факторлардың бірі. Иесінің биоалуантүрлілігін анықтау кезінде паразиттерді ескеру қажет [4].

Зерттеу жұмысының жаңалығы – Теміртау қаласының маңындағы жекелеген су қоймаларының гельминтоздар мен кәсіптік балық бактериоздарымен ластануын зерттеу болды.

Зерттеу жұмысының мақсаты – Теміртау қаласының маңындағы жекелеген су айдындарының балық қауіпсіздігіне санитарлық-экологиялық бағалау жүргізу болды. Зерттеудің негізгі міндеті – сапаның жалпы көрсеткіштерін бағалау және балықтардың гельминтоздар мен бактериоздармен ластануын анықтау болды

Зерттеу жүргізу үшін Теміртау қаласына жақын орналасқан "Балқаш" көлі, "Ертіс-Қарағанды" каналы, №1 бөгет және ДСУ бөгеті су айдындарынан балық сынамалары алынды.

Балық сынамаларын алу тікелей су айдындарынан, сондай-ақ Теміртау қаласының азық-түлік базарларынан ауланған кезде жүргізілді. Барлығы 120 балық үлгісі зерттелді – тұқы, қарақұйрық, алабұға, шортан, форель.

Балықты жалпы сапалық көрсеткіштерге зерттеу органолептикалық және биохимиялық талдау әдістері ГОСТ 7631-2008 "балық, балық емес заттар және олардан алынған өнімдер. Органолептикалық және физикалық көрсеткіштерді анықтау әдістері" арқылы жүзеге асты.

Балықтың гельминттермен ластануы Скрябинге арналған толық гельминтологиялық зерттеу әдісімен анықталды, оған таразы, желбезек, көздері, ішкі органдар мен бұлшықеттерді визуалды және компрессорлық әдістермен зерттеу кірді [5].

Балықты бактериоздардың болуына тексеру – клиникалық зерттеу арқылы өткізілді. Ең алдымен, олар теріні және қанаттарды мұқият тексерді, шырыштың мөлшері мен сапасына, түсінің өзгеруіне, ісінулердің, қан кетулердің, жаралардың, тыртықтардың, кисталардың, таразылардың суарылуына және т.б. назар аударды, содан кейін желбезек қақпақтарын көтерді, желбезектерді тексерді. Ауру балықтардың есебі абсолютті және пайыздық мәндерде жүргізілді (ауру) [6].

Сапаның жалпы көрсеткіштерін зерттеу кезінде келесі нәтижелер алынды: қабыршақтар жылтыр, көздері дөнес, шырыш таза, өзіне тән иісі бар. Желбезек қақпақтары тығыз орналасқан, қызылдан-қою қызылға дейінгі желбезектер, желбезек қақпақтарының астындағы кейбір үлгілерде қалдықтар мен қоқыстар үгінділері бар. Меншікті салмақты анықтаған кезде барлық сынамалар батып кетеді. Ішкі органдар зақымдалмаған, жақсы анықталған, іші ісінбеген. Физика-химиялық көрсеткіштер де қалыпты шектерде болды. Сонымен, беткі жағындылардың микроскопиясы кезінде бірен-саран кокктар мен таяқшалар табылды, терең қабаттарда микробтардың іздері табылмады. Барлық сынамалардағы РН  $6,61 \pm 0,42$ -ден  $6,78 \pm 0,001$ -ге дейінгі балғын балықтарға сәйкес келді. Пероксидазаны анықтау кезінде желбезек фильтраты көк-жасыл түске боялып, қоңырға айналады, бұл зерттелетін сынамалардың қауіпсіздігін көрсетеді. Аммиакты Несслер реактиві арқылы анықтау кезінде сынамалардан алынған сығындылар жасыл-сары түске ие болды және мөлдір болып қалды.

Бөгет-1 су қоймасындағы балықтарда гельминттердің болуын зерттеу кезінде күміс тұқыда трематодтардың OPISTHORCHIDAE ИЭ тұқымындағы метацеркарийлері 11,1%-да табылды., ИЭ 2-3 экз, "Ертіс-Қарағанды" бөгетіндегі балықтарда гельминтоздар табылған жоқ.

Тоқсымақ көліндегі балықтарды зерттеу кезінде қарақұйрықта постдиплостомозға тән белгілері табылды, инвазияның экстенсивтілігі 16,6% құрады, инвазияның қарқындылығы 2-ден 6 дейін өзгерді. Төрт балық үлгісінде линзаны зерттеу кезінде *Diplostomum spathaceum* метацеркарийлері табылды, инвазияның экстенсивтілігі 16,6% және қарқындылығы 1-2 дана болды. DSU-58 су қоймасындағы балықты зерттеу кезінде күмістүсті тұқы лигулезбен (*Ligula intestinalis*) жұқтырылған, экстенсивтілігі 20% және қарқындылығы 1-3 личинка.

Балықтардың бактериозбен жұқтырылуына зерттеу кезінде оқшауланған жағдайларда Тоқсымақ көлінен күмістүсті тұқы аэромоназымен (тұқы қызамығы) зақымдануы байқалды.

Балқаш көлінен балықтарды зерттеу кезінде балықтың гельминтозбен ластануы анықталған жоқ.



1 кесте –Теміртау қаласының маңындағы жекелеген су қоймалары балықтарының гельминттермен жұқтырылу көрсеткіші

Су қоймасы	Балықтүрі	Балық саны		Паразит түрі	ИЭ, %	ИИ, экз.
		Зерттелген	Инвазияланған			
Бұқар-Жыраус ауданы						
Бөгет-1 (Плотина 1)	Күмістүсті тұқы(Carassius gibelio)	26	3	Метацеркарий трематод Opisthorchidae тұқ.	11,5	2-3
"Ертіс-Қарағанды" бөгеті	Шортан (Esox lucius)	21	Табылған жоқ	-	-	-
Осакаровка ауданы						
Тоқсымақ көлі	Қарақұйрық (Rutilus rutilus)	24	4	Posthodiplostomum cuticola	16,6	2-6
		24	4	метацеркарий Diplotomum spathaceum	16,6	1-2
Нұра ауданы						
«ДСУ-58» су қоймасы	Күмістүсті тұқы (Carassius gibelio)	30	6	Ligula intestinalis	20%	1-3
Балқаш ауданы						
Балқаш көлі	Линь (Tinca) (тұқы тұқымд.)	26	Табылған жоқ	-	-	-

#### Қорытынды

Зерттеуге алынған Теміртау қаласына жақын орналасқан су қоймалары балықтарының сапалық көрсеткіштері қауіпсіз балықтар үшін ұсынылып отырған нормаларға сәйкес келеді, алайда, жоғарыда аталған аумақта гельминтологиялық зерттеулер жүргізген бірқатар ғалымдарға сәйкес, описторхоз, постиплостомоз, диплостомоз және лигулез ошақтары тіркелген [7, 8].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Шепелев А.В. Товароведение и экспертиза рыбы и рыбных товаров [Текст] / А.В. Шепелев, О.И. Кожухова., Ростов-на-Дону: «Март». 2001.-154 б.
- 2 Грищенко Л.И. Болезни рыб и основы рыбоводства [Текст] / Л.И. Грищенко, М.Ш. Акбаев, Г.В. Васильков. М.: Колос.- 1999,456 б.
- 3 Васильков Г.В., Грищенко Л.И., Енгашев В.Г. и др. 'Болезни рыб. Справочник' [Текст]: под ред. В. С. Осетрова. - Москва: Агропромиздат, -1989.- 2-е изд., - б.288 ил.
- 4 Dao NTT, Dermauw V, Gabriël S, Suwannatrai A, Tesana S, Nguyen GTT, Dorny P. Opisthorchis viverrini infection in the snail and fish intermediate hosts in Central Vietnam [Text]/ Acta Trop. -2017 Jun;170:120-125. doi: 10.1016/j.actatropica.2017.02.028. Epub 2017 Feb 24.
- 5 Кузнецова Е.В., Воронин В.Н., Мосягина М.В. Методполногопаразитологическо-говскрытиярыб [Текст]: Учебное пособие по дисциплине «Инвазионные болезни рыб». Санкт-Петербург: СПб ГАВМ. 2016. - 85 с. - Текст: электронный // Лань: электронно-библиотечная система. - URL: <https://e.lanbook.com/book/121310>.
- 6 Акшалова П., Шабдарбаева Г.С. Зараженность метацеркариями описторхов рыбы рек Акмолинской области Казахстана [Текст] / Материалы IV Международной конференции «Концептуальные и прикладные аспекты научных исследований и образования в области зоологии беспозвоночных». Россия, г. Томск. -2015. б. 156-160.

7 Кусаинова А.С., Эпидемиологическое особенности описторхоза на современном этапе: Автореф. дис. ... канд. мед. наук: 14.00.30 – эпидемиология [Текст]: А.С. Кусаинова. - Караганда. 2010. - 17 с.

8 Сембаева Ж.П., Ашетова И.Н., Оманай А.Б. Эпидемиология и биология возбудителя диплостомоза рыб в водоемах Акмолинской области [Текст] / Евразийский Союз Ученых (ЕСУ). Ежемесячный научный журнал. -2015.-№ 2 (11) .-Часть 5. С. 88-92.

**ӘОЖ 619:616.61-072:636**

## **МЫСЫҚТАРДАҒЫ СОЗЫЛМАЛЫ БҮЙРЕК ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІНІҢ ЕРТЕ ДИАГНОСТИКАСЫ**

*Мылытықбаева Г.А., 2 курс магистранты  
Терлікбаев А. А., в.з.к., доцент, ғылыми жетекші  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі – бұл нефрондардың қайтымсыз өліміне байланысты олардың дисфункциясына әкелетін бүйрек синдромы. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі мысықтарда жиі кездеседі, оның таралуы шамамен 1,6% - дан 20% - ға дейін [1]. Бұл ауруға кез келген жастағы мысықтар бейім болады, бірақ 15 жас-тан асқан мысықтар сезімтал болып келеді (80%-ға дейін), сонымен қатар СБЖ егде жастағы мысықтардағы өлімнің негізгі себебі болып саналады [2]. Көбінесе клиникалық белгілері кеш, нефрондардың өлімі 70-75%-ға жеткен кезде ғана көрінеді [3]. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің жедел бүйрек жеткіліксіздігінен басты айырмашылығы оның қайтымсыздығы және бүйрек архитектурасының бұзылуы. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі синдромының ағымы күтпеген ремиссиямен және қолайсыз факторлардың әсерінен күтпеген өлімге әкелуі мүмкін [4]. Созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі терминалды уремиямен бүйрек толық істен шыққанға дейін бірінен екіншісіне ауысу кезеңдерімен дамиды. Нефрондардың прогрессивті өлімі ұзақ уақыт бойы гипертрофиямен және қалған нефрондардың жұмысының жоғарылауымен өтеледі. Бірақ адаптивті процестер, мысалы, қан қысымының жоғарылауы және шумақтық плазмалық ток, түтікшелердегі метаболизмнің жоғарылауы және фосфаттың сақталуы нефрондардың бұзылуына одан әрі ықпал етеді. Созылмалы патологиялық процестің патогенезінде бүйрек паренхимасында қайтымсыз өзгерістер орын алады, бұл тиімді әрекет ететін нефрондар санының азаюымен бірге зардап шеккен құрылымдарды дәнекер тінімен алмастырумен және гломерулосклероздың дамуымен бірге жүреді [5].

Мысықтардың бүйрек аурулары ветеринарлық тәжірибеде жиі байқалады [6]. Бүйрек дисфункциясының патологиялық негізін ерте диагностикалау және анықтау маңызды. Бүйрек дисфункциясын ерте диагностикалау және емдеуді бастау аурудың дамуын кешіктіреді, бұл ұзақ өмір сүруге және өмір сапасының жақсаруына әкеледі [7]. Бірақ клиникалық ветеринарияда бұл салада санаулы ғана хабарламалар бар. Ветеринарлық тәжірибеде аурулар халықаралық бүйрек зерттеу қоғамы (IRIS) белгілеген ауруларды жіктеу критерийлеріне сәйкес қан плазмасындағы креатинин (p-Cre) деңгейіне қарай жіктеледі. Несеп протеині мен несеп альбуминіне (u-Alb) сынақтар жүргізіледі, бірақ бүйрек ауруының болуына немесе болмауына қарамастан несеп протеинінің оң нәтижесін анықтауға болады [8]. Тәуліктің әртүрлі уақыттарындағы протеинурия деңгейінің айқын ауытқуын ескере отырып, несептің бір порциясында ақуыз бен креатинин концентрациясын анықтау ұсынылады. Күні бойы креатининнің бөліну жылдамдығы тұрақты және несеп шығару жылдамдығының өзгеруіне тәуелді емес болғандықтан, ақуыз концентрациясының креатинин концентрациясына қатынасы да тұрақты. Бұл қатынас

ақуыздың тәуліктік шығарылуымен жақсы байланысты, сондықтан оны протеинурияның ауырлығын бағалау үшін қолдануға болады [6].

Материалдар мен әдістер. Жануарлар: зерттеуде 2022 жылдың 28 шілдесі мен 2023 жылдың 10 қаңтар аралығында Зоосфера ветеринарлық ауруханасына жеткізілген нефропатиясы бар 15 мысықтан (СБЖ I кезеңі) жиналған несеп үлгілері пайдаланылды (Британдық-3: Шотландық-2, Мейн-кун-1, Бенгал-2, Парсылық-1, аралас-6; 3-14 жас аралығындағы 8 еркек және 7 ұрғашы). 15 мысықтан  $\leq 2$  жаста жиналған несеп үлгілері (Шотландты-2, Мейн-кун-1, Британдық-1, Куриль бобтейлы-1, аралас-104 айдан 2 жасқа дейінгі 10 еркек және 5 ұрғашы) бақылау тобы ретінде пайдаланылды. Диагностикалық критерийлерге келетін болсақ, қан сарысуының биохимиялық талдауының нәтижелері бойынша 2 жасқа дейінгі мысықтар бақылау тобы ретінде қарастырылды, ал СБЖ клиникалық белгілері анықталған  $\geq 6$  жастағы мысықтар СБЖ I сатысы бар мысықтар ретінде қарастырылды. Қалыпты несеп анализінің критерийлері: үлес салмағы  $>1,030$ , несептегі ақуыз/креатинин  $<0,4$  және теріс бактериологиялық несеп культурасы болды. СБЖ диагнозы клиникалық және зертханалық деректер негізінде зерттеуге енгізілгенге дейін қойылды (мысалы, бүйрек азотемиясы және несеп үлес салмағы  $<1,030$ ).

Бүйрек жеткіліксіздігіне күдікті барлық мысықтар алдын-ала клиникалық тексеруден, бірқатар көрсеткіштер бойынша қанды және несепті зертханалық зерттеулерден тұрды. Анамнезді жинау кезінде тұқым, жыныс, жас, диета, т.б. көрсеткіштер метаболиттердің түзілуіне де, шығарылуына да әсер ететіндіктен, осы факторларға ала назар аудардық.

Клиникалық тексеруге дене температурасын, жүрек соғу жиілігін, тыныс алу жиілігін, шырышты қабықтың түсін, капиллярларды толтыру жылдамдығын, жүрек-өкпе аускультациясын, артериялық қан қысымын есептеу және іштің пальпациясы кіреді. Мысықтың қан қысымы осциллометриялық әдіспен өлшенеді.

Биохимиялық зерттеулер "Seamatu" (Қытай) фирмасының арнайы «Kidney Function» картриджын пайдалана отырып, "SMT-120V" биохимиялық анализаторында жүргізілді. Қанды биохимиялық талдау жасау үшін мысықты бекіндіріп, көктамырдан таза бір реттік пробиркамен қан алдық.

Несеп үлгілерінің химиялық және биохимиялық анализдерінде несептің рН, түсі, мөлдірлігі, несептің ауырлығы, қан, ақуыз, креатинин және олардың қатынасы, т.б. анықталды. Қандағы несепнәр мен креатинин деңгейінде өзгерістер болмаған кезде бүйректің зақымдануының ерте маркері несептегі "ақуыз\креатинин" қатынасы болып табылады, ол протеинурия деңгейін бағалауға және бүйрек протеинуриясын бүйректен тыс протеинуриядан ажыратуға көмектеседі. "Несеп ақуызының несеп креатининіне қатынасы" келесі формула бойынша есептеледі: жалпы несеп ақуызы (мг\мл)/несеп креатинині (мг\мл) Несеп үлгілері мысықты катетеризациялау арқылы және несеп шығару кезінде алынды.

Ғылыми зерттеу нәтижесі және талқылау. Анамнезде барлық зерттелген мысықтардың қалалық пәтерлерде ұсталатыны және оларды қаныққан құрғақ жем, ет, балық, консервілер және т.б. азықтандырғаны анықталды.

Созылмалы бүйрек ауруы ерте кезеңдерде субклиникалық түрде өтеді. Жиі кездескен клиникалық көріністер: полиурия, полидипсия, тәбеттің төмендеуі, летаргия, гиповолемия, құсу, жағымсыз иіс.

Клиникалық зерттеуде ең алдымен пальпация әдісімен саусақтың көмегімен мысыққа ауыртпалық түсірмей, жұмсақ қысыммен теріні, тері астындағы лимфа түйіндерін органдардың мөлшерін, бүйректі, қуықты пальпациялау арқылы ауырсынуын бағаладық. Бүйрек пен қуықтың пальпациясы кезінде ауырсыну, іштің төменгі бөлігінің кернеулі болғанын байқадық. Аускультация тәсілімен фонендоскопты кеуде қуысына қойып, жүрек соғысы мен тыныс алу жиілігін 1 минут ішінде есептедік. Термометр көмегімен ректальды дене температурасын өлшедік. Дене температурасы мен тыныс алу жиілігі қалыпты жағдайда болды.

Науқастарда қан қысымы әр 2 ай сайын өлшенді. СБЖ 1-сатысын түпкілікті қою систолалық қан қысымының бірнеше өлшемдеріне негізделуі керек (1-кесте).

1 кесте - Систолалық артериялық қысым


	1	2	3	Қалыпты көрсеткіш
Зерттеу тобы, мм n=15	159±4	144±6	151±3	124±16
Бақылау тобы, мм n=15	120±2	116±3	118±5	

Бүйрек қызметінің бұзылуына дәлел болмаған жағдайда, қан қысымы көрсеткіштерінің тұрақтылығын көрсету маңызды. Гипертензия (160-179мм ) және ауыр гипертензия (180 мм-ден жоғары) кезеңдерінде қан қысымының көрсеткіші тұрақты жоғарылауы болып, егер бұл сандар 1-2 апта ішінде бірнеше рет өлшегенде сақталса, бағалауға болады.

Несеп зерттеуі көрсеткендей, несепте тұнбаға түсетін құмның қоспасы да кездесті. Несептің түсі сары, қанық сары, янтарь түстес болды. Зертханалық зерттеулер мыналарды анықтады: несептің түсі ондағы қан мөлшеріне байланысты ақшыл сарғыштан қанық сарыға дейін; иісі өткір, аммиакты; салыстырмалы салмағы 1,010 - 1,050 шегінде; рН = 7,5-8 (2-кесте).

2 кесте - Несептің биохимиялық зерттеуі

Көрсеткіштер	Зерттеу тобы n=15	Бақылау тобы n=15	Қалыпты көрсеткіш
Лейкоциттер (Cell/uL)	>4 ±0,2	0	0-3
Кетондық денелер (mmol/L)	-	0	0
Нитриттар (mmol/L)	-	0	0
Уробилиноген (mmol/L)	-	0	0
Билирубин (umol/L)	-	0	0
Креатинин (mmol/L)	8±2	3±0,2	5-18
Микроальбумин (mg/L)	3±1	0,7±1	0,1-3
Ақуыз / креатинин қатынасы	0,8±0,2	0,3±1	0,2-0,4
Ақуыз (g/L)	6±0,2	0,1	0-0,3
Глюкоза (mmol/L)	0,4±1	0	0-3
Үлес салмағы	1.030 ±20	1,030	1,020-1,030
Эритроциттер (Cell/uL)	>3±1	0	0
рН	7,7±0,3	6,2±0,2	6-6,8



1 сурет – Ақуыз- креатинин қатынасы

1-суретте көрсетілгендей, зерттеу тобында ақуыз- креатинин қатынасы тұрақты түрде жоғарылаған. Бұл IRIS классификациясы бойынша СБЖ 1-сатысына тән.

3 - кесте. Қанның биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Зерттеу тобы n=15			Бақылау тобы n=15			Қалыпты көрсеткіш
	1	2	3	1	2	3	
Жалпы ақуыз (г/л)	80±6,0	76±2,5	78±6,0	78±2,0	78±0,5	77±0,2	77,0±5,3
Несепнәр (ммоль/л)	8,0±1,2	8,6±0,6	8,0±6,0	8,8±0,1	8,9±0,2	8,8±0,1	8,8±1,9
Креатинин (мкмоль/л)	110±5,0	112±6,0	120±2,0	105±3,0	105±2,0	102±2,0	103±40,5

Бүйрек жеткіліксіздігі бар жануарлардың қанын биохимиялық зерттеу кезінде біз өзгерістердің негізгі бөлігі бүйректің жұмысын сипаттайтын ферменттердің – несепнәрдің референтті көрсеткіш аралығында жоғарылауы болатынын анықтадық (3-кесте).

Қорытынды. IRIS классификациясы бойынша 1-ші сатыдағы СБЖ бар 15 мысыққа 6 айлық перспективалық когорттық зерттеу жүргізілді. Бүйрек функциясының маркерлері әр 2 ай сайын бағаланды. Зерттеу нәтижесінде СБЖ 1-сатысы субклиникалық түрде өтетіні анықталды. Систолалық қан қысымында тұрақты гипертензия тіркелді. Ауру жануарларда ауру барысында бүйректің индикаторы болып табылатын қандағы несепнәр өзгеріссіз қалып, креатинин референтті көрсеткіш аралығында жоғарылайтыны анықталды. Тәуліктің әртүрлі уақыттарындағы протеинурия деңгейінің айқын ауытқуын ескере отырып, несептің ақуыз бен креатинин концентрациясын анықтау ұсынылады және нәтижесі - ақуыз- креатинин қатынасы тұрақты түрде жоғарлауы байқалды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Polzin DJ. Chronic kidney disease. In: Ettinger SJ, Feldman EC, eds. Textbook of Veterinary Internal Medicine. [Text]/ Philadelphia, PA: Saunders WB. -2010.-P.1955-2115
- 2 Marino CL, Lascelles BDX, Vaden SL, Gruen ME, Marks SL. Prevalence and classification of chronic kidney disease in cats randomly selected from four age groups and in cats recruited for degenerative joint disease studies [Text]/ J Feline Med Surg.- 2014. –V 16. -P.465-472.
- 3 Гертман А.М., Самсонова Т.С. Болезни почек и органов мочевыделительной системы животных. [Текст]/ Учебное пособие. СПб.: Изд-во «Лань». - 2021. –С.388.
- 4 Taylor EN, Stampfer MJ, Curhan GC Obesity, weight gain, and the risk of kidney stones. [Text]/ Jama. -2005. - V 293(4). -P.455 – 62
- 5 Scales CD, Smith AC, Hanley JM, Saigal CS, Project UDiA Prevalence of kidney stones in the United States. [Text]/ Eur Urol. -2012.- V 62(1). - P.160 – 65
- 6 Syme H. M., Fletcher M. G., Bailey S. R. and Elliott J. Measurement of aldosterone in feline, canine and human urine. [Text]/ J. Small Anim. Pract. - 2007. –V.48. -P. 202–208.
- 7 King J. N., Tasker S., Gunn-Moore D. A., Strehlau G., BENRIC (benazepril in renal insufficiency in cats) Study Group. Prognostic factors in cats with chronic kidney disease [Text]/ J. Vet. Intern. Med. -2007. –V. 21.-P. 906–916.
- 8 Kordonouri O.,. Quantitative assessment of urinary protein and enzyme excretion—a diagnostic programme for the detection of renal involvement in type I diabetes mellitus [Text]/ Jörres, A., Müller, C., Enders, I., Gahl, G. M. and Weber, B Scand. //J. Clin. Lab. Invest. -1992. –V. 52. –P.781–790.



## РАЦИОНЫНДА ЦЕОЛИТТИ ҚОЛДАНҒАН КЕЗДЕ ТАУЫҚТАРДЫҢ ЕТІН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАУ

*Нахатова Н.Қ., 2 курс магистранты  
Паритова А.Е., PhD, қауымдастық профессордың м.а  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – жаңа қалыптасқан мемлекеттің саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғырту қажеттігін, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдеріне әлемдік сұраныстың өсуі жағдайында атап өтті [1].

Барлық осы мәселелерді шешудің маңызды факторы рациондарда дәстүрлі емес азықтық қоспаларды пайдалану болып табылады. Әдебиет көздерінің мәліметтері бойынша құстың рационына вермикулитті қосқан кезде иммунобиологиялық реактивтілікке, ақуызды және минералды зат алмасуға, құс өнімділігіне және оның төзімділігіне әсер еткені белгілі [2-6].

Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты құс шаруашылығында отандық минерал негізіндегі азықтық қоспалардың ет сапасына әсер етуін зерттеу болып табылды.

Тауықтарды цеолит қосқан азықпен азықтандыру бойынша эксперименттік жұмыстар және рационына цеолит қосылған тауық етінің сапасын және қауіпсіздігін ветеринариялық-санитариялық сараптаудың жалпы қолданыстағы (сезімдік және физикалық-химиялық) әдістерімен анықтадық. Зерттеу объектісі ретінде 5% мөлшердегі цеолит, негізгі азық, ROSS 308 тұқымына жататын 42 күндік жас тауықтар қолданылды. Оларды 30 күн бойы арнайы дайындалған цеолит қосылған азықпен азықтандырдық. Барлығы 3 топ құрылды, 1 топ пен 2 топ тәжірибелік, 3 топ бақылау. Жалпы құс саны 15 тауық. Әр топта 5 тауықтан болды.

5% цеолит минералын тауықтардың рационында қолданған кезде тауық етінің сапасының жақсарғанын байқадық.

Зерттеу барысында келесідей көрсеткіштерге назар қойылды: тауық ұшалараның сезімдік көрсеткіштері, тауық етінің физико-химиялық көрсеткіштері және тауық етінің микробиологиялық көрсеткіштері.

Сою алдындағы және союдан кейінгі ветеринариялық-санитариялық бақылау тауық ұшалары мен ішкі мүшелерінде көрінетін патологиялық өзгерістер анықталған жоқ, қансыздану дәрежесі жақсы болды. Ішкі ағзаларды ветеринариялық-санитариялық бағаланда зерттелген құстардың барлық ішкі мүшелері қалыпты мөлшерде екенін көрсетті.

Минералды азық қоспасымен өсірілген тауықтардың ұшаларында бөгде иіс болмады, ұшалардың, май тіндерінің, кеуде-іш қуысының серозды қабықтарының сыртқы түрі бақылау тобының ұшаларымен салыстырғанда өзгерген жоқ. Бұлшық етті тілген кезде түсі бозғылт қызғылт түсті, сәл дымқыл, сүзгі қағазында дымқыл дақ қалдырмады. Етті пісірген кезде сорпа мөлдір, хош иісті, жағымды иісті болды. Бетінде май үлкен тамшылар түрінде жиналды. Нәтижелер 1-кестеде көрсетілген.

1 кесте -Зерттелген тауық етінің сезімдік көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	1-ші бақылау тобы, n=5	2-ші бақылау тобы, n=5	3-ші бақылау тобы, n=5
Түсі	Ақшыл-сары түсті қызғылт реңкпен, майсыз қаңқаларда сарғыш-сұр түсті қызғылт реңкті;	Ақшыл-сары түсті қызғылт реңкпен, майсыз қаңқаларда сарғыш-сұр түсті қызғылт реңкті;	Ақшыл-сары түсті қызғылт реңкпен, майсыз қаңқаларда сарғыш-сұр түсті қызғылт реңкті;
Еттің консистенциясы	Бұлшықеттер тығыз, серпімді, саусақпен басқан кезде орнына тез келді	Бұлшықеттер тығыз, серпімді, саусақпен басқан кезде орнына тез келді	Бұлшықеттер тығыз, серпімді, саусақпен басқан кезде орнына тез келді
Сорпасының мөлдірлігі мен иісі	Мөлдір және жағымды иісі бар	Мөлдір және жағымды иісі бар	Мөлдір және жағымды иісі бар
Иісі	Жаңа құс етіне тән ерекше	Жаңа құс етіне тән ерекше	Жаңа құс етіне тән ерекше
Тері асты майы	Ақшыл түсті, бөгде иіссіз	Ақшыл түсті, бөгде иіссіз	Ақшыл түсті, бөгде иіссіз

Зерттеу тобындағы тауық етінің рН мөлшері 5,75-5,98 болды, ал бақылау тобындағы рН мөлшері орта есеппен 6,15 болды.

2 кесте - Тауық етінің физико-химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	1-ші бақылау тобы, n=5	2-ші бақылау тобы, n=5	3-ші бақылау тобы, n=5
рН	5,75	5,78	6,12
Пероксидаза ферменті	Белсенді	Белсенді	Белсенді
Аминды-аммиакты азот	1,07±0,1	1,08±0,04	1,1±0,09
Аммиак және аммоний тұздары	-	-	-
ҰМҚ мөлшері	3,57±0,01	3,55± 0,01	3,90 ±0,01

Мезофильді аэробты және факультативті микроорганизмдердің (КМАФАнМ) санын агар ортаға себу арқылы анықтау кезінде гигиеналық норматив шегінде нәтижелер алынды  $1,05 \cdot 10^5$ - $1,28 \cdot 10^5$ , бұл зерттелген құстар етінің жоғары санитарлық сапасын көрсетті. Ал бақылау тобында  $1,39 \cdot 10^5$  мөлшерде болды.

Патогендер, соның ішінде сальмонелла және *Listeria monocytogenes* 25 г өнімде бөлінбеді, бұл тағам өнімдерінің санитарлық-гигиеналық талаптарына сәйкес келді.

Еттің тағамдық құндылығы 100 г өнімде зерттеу тобындағы тауық етінде 143,0 ккал, ал бақылау тобында көрсеткіштер сәйкесінше 136,7 ккал болды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Послание Президента Республики Казахстан К.К. Токаева народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество»: новый политический курс состоявшегося государства» от 01сентября 2022 г.

2 Abdigaliyeva T.B., Sarsembayeva N.B., Lozowicka B., Pietrzak-Fiecko R. Effects of supplementing laying hens' diets with vermiculite on morphometric parameters, chemical

composition, fatty acid profile and eggs production [Text]/ Journal of Elementology.- 2017.- Vol.22(3). – P. 1117-1130.

3 Abdigaliyeva T.B., Sarsembayeva N.B., Lozowicka B., Ussenbayev A.I., Dzhangabulova A. Effects of diets with vermiculite on performance, meat morphological parameters of broiler chickens [Text]/ Journal of Pharmaceutical Sciences and Research. - 2017. -Vol.99(5). – P. 745-750.

4 Attia Y.A., Egg Production and Quality, Lipid Metabolites, Antioxidant Status and Immune Response of Laying Hens Fed Diets with Various Levels of Soaked Flax Seed Meal. [Text]/ Al-Harathi M.A., Sagan A.A.A., Abdulsalam N.M., Hussein E.O.S., Olal M.J. // Agriculture. – 2022. – 12. P. 1402. <https://doi.org/10.3390/agriculture12091402>

5 Fendri I., Influence of Zeolite on fatty acid composition and egg quality in Tunisian Laying Hens. [Text]/ Khannous L., Mallek Z., Traore A.I., Gharsallah N., Gdoura R //Lipids Health Dis. – 2012. -№ 11. – P.71. doi: 10.1186/1476-511X-11-71. PMID: 22676421; PMCID: PMC3473238.

6 Shariatmadari F. The application of zeolite in poultry production [Text]/ World's Poultry Science Journal. – 2008. - 64(1). PP.76-84. doi:10.1017/S0043933907001730

**УДК 617-089**

## **ПЕРСПЕКТИВЫ ПРИМЕНЕНИЯ КЛЕЕВЫХ КОМПОЗИЦИЙ В АБДОМИНАЛЬНОЙ ХИРУРГИИ СОБАК И КОШЕК**

*Ромазанова А.Ж., магистрант I курса  
Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина  
г. Астана*

За последние десятилетия возможности абдоминальной хирургии в ветеринарии стали значительно шире. Этому поспособствовали новые техники проведения оперативных вмешательств, оснащение ветеринарных клиник новейшим оборудованием, более безопасное анестезиологическое сопровождение пациента.

Абдоминальная хирургия - область хирургии, которая занимается проведением операций на органах брюшной полости. Наибольшее количество операций проводится на органах желудочно-кишечного тракта: гастротомия, энтеротомия вследствие диагностирования непроходимости из-за поедания животными инородных предметов; цистотомия; кесарево сечение; нефрэктомия; холецистэктомия; спленэктомия; герниорафия. И, хотя на данный момент нет статистических данных о количестве животных, подвергнутых оперативному вмешательству в течение жизни, хирургия вносит свой вклад в лечение широкого спектра заболеваний, которые возникают у разных возрастов кошек и собак [1].

На сегодняшний день одной из актуальных тем общей хирургии остается поиск новых методов и материалов при соединении тканей, которые отвечали бы требованиям и имели повышенную герметичность. Особое отношение к этой теме в абдоминальной хирургии, так как несостоятельность швов-одно из наиболее частых послеоперационных осложнений. Чаще осложнения возникают у собак и кошек, которым была проведена энтеротомия и цистотомия. Расхождение шовного материала на оперируемом участке приводит к утечке содержимого кишечника, желудка или мочевого пузыря, что в итоге приводит к острому септическому перитониту. Высокий процент несостоятельности кишечных швов ветеринарные хирурги связывают с анатомо-физиологическим строением и вирулентностью, населяющей микрофлоры. Так токсины, вырабатываемые бактериями, всасываются в кровоток и оказывают системное воздействие, которое приводит к артериальной гипотензии, септическому шоку и синдрому системной воспалительной

реакции (SIRS) и ДВС синдрому (синдром диссеминированного внутрисосудистого свёртывания). При нарушении герметичности шва незначительное количество мочи, желудочного или кишечного сока способны разъесть шовный материал и приводить к местному воспалительному процессу. Американские врачи выявили, что такое происходит всегда, с любым шовным материалом, в условиях асептического воспаления [2]. Следует отметить, что создание условий для заживления швов на органах желудочно-кишечного тракта, мочевом пузыре является основным резервом успешно проведенных операций, без риска осложнений в послеоперационном периоде.

На сегодняшний день основной способ закрытия операционных ран, как кожных покровов, так и тканей внутренних органов — это наложение хирургических швов с помощью специального шовного материала. Разработанные в гуманной медицине высокомолекулярные соединения и синтетические клеевые композиции, позволили использовать новый метод-бесшовное соединение тканей. Это прочные герметики, которые обладают высокими адгезивными и гемостатическими свойствами, которые после полимеризации также создают антисептический барьер против патогенных агентов во время хирургического вмешательства.

По данным ряда авторов одним из таких материалов является клеевая композиция «Сульфакрилат» [3]. Использование данного хирургического клея позволяет соединять ткани, обеспечивая высокую эффективность, малую инвазивность, хороший гемостаз операционной раны, что, в конечном итоге значительно уменьшает частоту послеоперационных осложнений. Данная клеевая композиция содержит связующий компонент (этил-циалакрилат), пластификатор (бутилакрилат) и сульфоланметакрилата (противосполительный, антибактериальный компонент). При рассасывании цианакрилаты подвергаются деструкции под воздействием тканевой и клеточной жидкости. Под воздействием внутренних жидкостей на клей обнаружено, что цианакрилаты распадаются с образованием фармальдегида и эфиров циануксусной кислоты. В ходе ряда исследований, российских ученых, обнаружено, что данные вещества обнаруживаются в органах и тканях организма (жировая ткань, лимфоузлы, почках, печени) в первый день после использования на операционной ране и довольно быстро выводятся почками и желудочно-кишечным трактом [3,4].

При соединении двух краев операционной раны, соединительная ткань прорастает через полимеризованную пленку, в результате происходит быстрое рассасывание высокомолекулярной части. Полное рассасывание в организме, по словам производителя данного клея происходит через 30-45 дней [3,4]. В тоже время есть сведения от том, что применение цианокрилатных препаратов приводит к резкому снижению адгезии в условиях избытка влаги, чрезмерной скорости отторжения материала и недостаточной эластичности пленки [5].

Большинство клеевых композиций, используемых в медицине созданы основе биологических материалов имеют в своем составе белки [6], поэтому их использование повышает аллергические реакции и, соответственно перенос инфицирующих агентов. В то же время, они обладают высокой биосовместимостью и эластичностью в сравнении с синтетическими композициями.

Существует несколько видов синтетических клеевых композиций: эпоксидные, акрилатные, полиэтиленгликолевые, полиуретановые, латексный тканевой клей. Широкое распространение получили химически соединения, в основе которых находятся эфиры альфа-цианакриловой кислоты. Данные клеевые композиции превзошли по своим адгезивным качествам герметики на основе фибрина, коллагена.

В ветеринарной медицине клеевые композиции не получили широкого применения, хотя в экспериментальные исследования российских и зарубежных коллег были получены довольно неплохие результаты [3, 4].

Представляется перспектива использования клеевых композиций для укрепления швов в абдоминальной хирургии, особенно при воспалительно-бактериальных патологиях, на фоне массивного кровотечения, так как данные материалы обладают еще и гемостатическим эффектом, что выгодно при сравнении, с использованием традиционного термического прижигания коагулятором, которое несет за собой некроз тканей и требует дорогостоящего оборудования.

### Список литературы

- 1 Ellison G.W., Case J.B., Regier P.J. Intestinal surgery in small animals: historical foundations, current thinking, and future horizons [Text]/ Vet Surg. -2019. -V48(7). –P.1171-1180.
- 2 Regier P.J. Current Concepts in Small Animal Gastrointestinal Surgery [Text]/ Vet Clin North Am Small Anim Pract. - 2022. -V 52(2). -P.437-454. doi: 10.1016/j.cvsm.
- 3 Марченко В.Т. Медицинский клей «Сульфакрилат» антибактериальная клеевая композиция [Текст]/ Руководство для применения в хирургических отраслях. - 2005. - 80 с.
- 4 Клей медицинский. [Текст]/ А.Г. Толстикова А.Г. [и др.]. //Патент RU2156140C1.-1999. бюл
- 5 Gerogiannis I., Papalois A., Psalla D., Kambaroudis A. Beneficiary Effect of Fibrin Glue on Healing of Ileoileal Anastomoses in Rats [Text]/ In Vivo. -2022. - №36(1). - P.221-226.
- 6 Mehdizadeh M. and Yang J. Design Strategies and Applications of Tissue Bioadhesives [Text]/ Macromol. Biosci.-2013. -№13. –P.271-288. <https://doi.org/10.1002/mabi.201200332>

ӘОЖ 636.2.034

### ЖОҒАРЫ ӨНІМДІ СИЫРЛАРДАҒЫ ЗАТ АЛМАСУ БҰЗЫЛУЛАРДЫҢ БИОХИМИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

*Рахимжанова Д.Т., в.э. к., доцент  
Сапарбек Назерке, I курс магистранты  
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

Қазіргі уақытта өнімділігі жоғары сауын сиырларда 30-50%-ға жуығы төлдеу кезінде зат алмасу немесе қабыну аурулары бар екені анықталды [1]. Сонымен қатар зат алмасу бұзылулар субклиникалық немесе жасырын сипатқа ие, ал субклиникалық түрінде өтетін аурулар бойынша мәліметтер аз, себебі олардың анықтауы қиын болып есептелінеді [2]. Жасырын түрде ауратын малда ұлтабар қарынның ығысуы, мастит, эндометрит, клиникалық кетоз сияқты аурулардың даму қаупі жоғары [3].

Жұмыстың мақсаты зат алмасу бұзылыстарын болжау кезінде әрбір көрсеткіш үшін оңтайлы мәндерді анықтау үшін лактацияның әртүрлі кезеңдеріндегі сиырлардың биохимиялық жағдайын анықтау.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Зерттеулер Шымкент облысындағы тауарлы-сүт фермасында жүргізілді. Зерттеу объектісі 4 жастан 5 жасқа дейінгі, орташа сүт өнімділігі 5500-6000 кг/г голштейн және ақ-қара тұқымды 40 клиникалық сау сауын сиырлары болды. Сиыр қанының биохимиялық жағдайын анықтау үшін 17 көрсеткіш таңдалды (ЖШС «Diagnostic Group» Зерттеу диагностикалық орталығы). Ақуыз фракцияларын зерттеулері ветеринария кафедрасының (С. Сейфуллин атындағы ҚАТУ) зертханасында жүргізілді.



Лактациядағы сиырлардың ішкі мүшелерінің жұмысын және зат алмасу процестерін бағалау үшін лактацияның 3 фазасы таңдалды: 1 фаза (лактацияның басталуы), төлдегеннен кейін 3-4 аптадан кейін; 2 фаза (ең жоғары лактация) төлдегеннен кейін 4-6 ай, 3 фаза (лактацияның аяқталуы), төлдегеннен кейін 8-9 ай және құрғақ кезең.

Әртүрлі топтардағы сиырлардың қан көрсеткіштері арасындағы статистикалық талдау Стьюденттің t-тесті және математикалық талдаудың параметрлік емес әдістерін қолдану арқылы жүргізілді. Бақылау ретінде суалту кезеңдегі клиникалық сау сиырлардың деректері пайдаланылды. Осы топтағы сиырлар аналогтар принципі бойынша алдын ала клиникалық тексеруден және қан мен сүт сынамаларынан кейін субклиникалық маститке (СКМ) және субклиникалық кетозға (СКК) экспресс-тесттермен тексерілді. Лактация фазалары бойынша сиырлардың қанының орташа арифметикалық мәндері суалту кезеңдегі сиырлар тобындағы орташа мәндермен және «Diagnostic Group» (Neo Medica) зертханасы бойынша нормаланған мәндермен салыстырылды.

Зерттеу нәтижелері. Тәжірибеде зерттелген 18 биохимиялық қан көрсеткіштерінің, соның ішінде ақуыз фракцияларының пайыздық көрсеткішінің 8 көрсеткіші бойынша қалыпты мәндерден ауытқулар болды. Суалту кезеңде сиырларда қалыпты гипогликемия, билирубинемия, хлоридтер мен темірдің төмен мөлшері байқалды. Лактацияның 1-3 фазасындағы сиырлардың топтарына келетін болсақ, мұнда глюкоза мен билирубиннің құрамында ғана емес, трансаминазалардың белсенділігінде де айтарлықтай өзгерістер байқалды. Лактацияның шыңында аланинаминотрансферазаның (АЛТ) айтарлықтай жоғары белсенділігі ( $28,4 \pm 0,96$ -ға қарсы  $45,9 \pm 1,1$ ) және лактацияның бастапқы фазасындағы аспартатаминотрансферазаның (АСТ) жоғары деңгейі анықталды ( $114,1 \pm 0,6$  қалыпты көрсеткішке  $74,8 \pm 0,9$  қарсы).

Лактацияның 2-ші фазасындағы холестериннің айтарлықтай жоғары деңгейі ( $131,0 \pm 0,21$ -ке қарсы  $203,7 \pm 0,6$ ) және сиырлардың барлық тәжірибелік топтарында триглицеридтердің жоғарылауы бауырдың зақымдалуымен байланысты болуы мүмкін, өйткені 2 аптадан кейін 1 және 2 топтардан 2 сиыр клиникалық кетозға байланысты жойылды. Хлоридтердің концентрациясы туралы деректер бұл нәтижелерді жанама түрде растайды, өйткені барлық сиырларда бұл көрсеткіш қалыпты мәндерден төмен болды (1-кесте).

1 кесте - Әртүрлі лактация кезеңіндегі сиырлар қанының биохимиялық көрсеткіштерінің нәтижелері

Көрсеткіштері, өлшем бірлігі	Қалыпты көрсеткіштері	Суалту кезеңі	Лактация кезеңдері		
			1	2	3
			n=7	n=10	n=15
Жалпы белок, г/л	6,2-8,2	$7,36 \pm 0,6$	$7,9 \pm 0,4$	$8,55 \pm 0,9$	$7,74 \pm 0,8$
Альбумин, г/л	2,8-3,9	$3,0 \pm 0,12$	$3,2 \pm 0,45$	$3,3 \pm 0,42$	$3,0 \pm 0,52$
Глюкоза, ммоль/л	2,3-4,1	$1,9 \pm 1,05$	$1,84 \pm 0,7^*$	$1,7 \pm 0,8^*$	$2,1 \pm 0,2$
Билирубин жалпы, мкмоль/л	0,7-14	$14,8 \pm 1,02$	$18,5 \pm 0,9^*$	$20,8 \pm 1,1^*$	$15,2 \pm 0,9$
Мочевина, ммоль/л	2,8-8,8	$5,54 \pm 0,2$	$3,18 \pm 0,5$	$4,57 \pm 0,15$	$5,42 \pm 0,02$
Хлоридтер, ммоль/л	96-109	$95,01 \pm 0,11$	$87,9 \pm 0,2$	$88,1 \pm 0,5$	$90,1 \pm 0,3$
Сілтіфосфатаза, ммоль/л	18-153	$43,2 \pm 0,2$	$51,0 \pm 0,12$	$88,5 \pm 0,09$	$65,2 \pm 0,8$
АЛТ, ммоль/л	6,9-35	$28,4 \pm 0,96$	$31,1 \pm 0,45$	$45,9 \pm 1,1^*$	$29,1 \pm 0,98$
АСТ, ммоль/л	45-110	$74,8 \pm 0,9$	$114,1 \pm 0,6^*$	$96,60 \pm 0,7$	$93,2 \pm 1,23$
Билирубин, мкмоль/л	0-5	$2,5 \pm 0,12$	$3,8 \pm 0,5$	$2,6 \pm 0,6$	$3,1 \pm 0,17$
Холестерин, моль/л	64-200	$131,0 \pm 0,21$	$149,1 \pm 0,4$	$203,7 \pm 0,6$	$199,0 \pm 0,4$
Креатинин, мкмоль/л	56-162	$145,4 \pm 0,5$	$159,2 \pm 0,8$	$132,1 \pm 1,1$	$155,2 \pm 0,9$

Темір, мкмоль/л	27-40	15,9±0,7	60±0,09	41,2±0,07	48,4±0,4
Кальций, ммоль/л	8,4-11,2	11,16±0,11	9,75±0,22	10,6±0,48	11,40±0,6
Фосфор, ммоль/л	4,33-7,74	5,71±0,13	3,92±0,37	6,77±0,32	5,69±0,4
Триглицеридтер, моль/л	0,2-0,6	1,32±0,2	3,68±0,1*	6,35±0,1*	1,85±0,8*
Магний, ммоль/л	0,7-1,2	2,0±0,8	2,51±0,5*	3,11±0,2*	3,0±0,1*
Белок фракциялары:					
Альбуминдер, %	30...50	40,7±1,7	40,6±2,4	41,9±1,8	32,4±0,8
α-глобулиндер, %	12...20	12,4±1,2	13,7±1,1	12,5±1,7	17,8±0,8
β-глобулиндер, %	25...40	31,7±1,5	29,8±2,1	29,8±0,3	31,9±1,1
γ-глобулиндер, %	10...16	15,2±1,0	15,9±1,4	15,8±0,2	17,9±0,8

Ескерту\* - P<0,05

Қандағы глюкозаның оңтайлы деңгейі, бауырдағы гликогеннің синтезі мен ыдырауынан және көмірсутекті емес көздерден көмірсулар қорын толтыру, яғни глюконеогенез реакциялары есебінен сақталатыны белгілі. Глюконеогенездің күшеюі бүйрек үсті бездерінің кортикальды қабатының жасушалары арқылы глюкокортикоидтар инкрециясының жоғарылауы жағдайында ғана мүмкін болады, себебі глюкокортикоидтар - глюконеогенездің негізгі ферменттері болып есептелінеді [4].

Біздің зерттеулерімізде шаруашылықтың барлық сиырларында гипермагниемия байқалады - бұл механизмнің зақымдалуымен тікелей байланысты және қандағы глюкозаның деңгейіне әсер ететін бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігінің симптомы.

Акуыз фракциялары туралы мәліметтерге келетін болсақ, сиырлар тобында лактацияның соңғы кезеңінде γ-глобулиндер деңгейінің жоғарылауы анықталды, бұл қабыну процесінің болуын көрсетеді (17,9%, қалыпты 16% көрсеткішке қарсы).

Осылайша, өнімді сиырлардың лактацияның белсенді фазасындағы зат алмасу бұзылыстарды болжау үшін, қанындағы биохимиялық көрсеткіштерді бағалау нәтижелерін глюкозаның, акуыздың және бауыр ферменттерінің концентрациясымен қатар триглицеридтердің, холестериннің, магнийдің және хлоридтердің мөлшерін қолдануға болатынын көрсетеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 LeBlanc S. J. Monitoring metabolic health of dairy cattle in the transition period [Text] / J. Reprod. Dev. - 2010. - V.56. - S29. - P. 35.

2 Pryce J.E. Hot topic: Definition and implementation of a breeding value for feed efficiency in dairy cows [Text] / O. Gonzalez-Recio, G. Nieuwhof, W. Wales, M. Coffey, B. Hayes, M. Goddard // J. Dairy Sci. - 2015. - V 98. - P.7340-7350.

3 Berge A.C. A field study to determine prevalence, dairy herd management systems and fresh cow clinical conditions associated with ketosis in western European dairy herds [Text] / G. Vertenten. J. Dairy Sci. - 2014. - V 97. - P.2145-2154.

4 Конвай В.Д. Метаболические нарушения у высокопродуктивных коров. [Текст] / В.Д. Конвай, М.В. Заболотных. // Вестн. Омского гос. агр. университета. - 2017. - №3 (27). - С. 130-137.

## ЖЫЛҚЫ САҚАУЫН ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Сейсенбаев Н.Ж., 2 курс магистранты  
Мұханбетқалиев Е.Е., в.з.к., қауымдастырылған профессор  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті  
Астана қ.*

### Аннотация

Қазіргі кезде жылқы шаруашылығы Қазақстанның мал шаруашылығының ішіндегі кең дамып келе жатқан саласы болып табылады. Қазіргі заманда жылқы шаруашылығының дамуын бірқатар жұқпалы аурулар тежейді, олардың арасында жылқы сақауы ең көп экономикалық зиян келтіреді.

Жылқы сақауы бұрыннан белгілі және ол туралы көптеген ғылыми ақпарат жинақталған болса да, осы аурудың көрінісі мен күресінің ерекшеліктері туралы көптеген сұрақтарды зерттеу қазіргі уақытта өзекті мәселе болып есептеледі.

Осыған байланысты жылқыларды табындық жағдайда ұстау жылқы сақауын алдын алуда экологиялық зиянсыз, экономикалық негізделген және тиімді құралдары мен әдістерін іздеу ветеринария ғылымы мен практикасының өзекті мәселесі болып қала береді.

Кілт сөздер: Жылқы сақауы, *Streptococcus equi*.

### Кіріспе

Мал басын қалпына келтіру, табын жылқы шаруашылығының өнімділігін арттыру және жоғары сапалы өнім алу басқа факторлармен қатар инфекциялық ауруларды алдын алу шараларын қоса алғанда, ветеринариялық шараларды жүргізудің тиімділігіне де байланысты. Олардың ішінде ең көп таралғаны жылқы сақауы, әсіресе жас жылқылар арасында туындайды. Қоздырушысы - *Streptococcus equi*.

Бұл ауру жылқылардың жоғарғы тыныс жолдарының жіті ауруы ретінде ежелден белгілі [1]. Жылқы сақауы бүкіл әлемде кең таралған және жылқы шаруашылығына айтарлықтай экономикалық зиян келтіреді. Сонымен, жылқы сақауы Ресейде, сондай-ақ Қазақстанда, Қырғызстанда, Моңғолияда және басқа елдерде жиі кездеседі [2,3,4,5,6].

Жылқы сақауына қарсы күресте ең тиімді және аз шығынды шара вакцино-профилактика болып табылады. Қазіргі таңда вакциналардың әртүрлі түрлері (белсенді емес, әлсіреген, тірі) сыналады, жасалады және қолданылады. Бұрын (1943-1966) сақау стрептококктарынан тірі, әлсіретілген және өлтірілген штамдарынан вакциналар практикада қолданылмады [7,8,9].

Дегенмен, әлемнің түрлі елдерінің ғалымдары жылқы сақауына қарсы вакциналарды әзірлеуді жалғастыруда. Соның бірі Нидерландыда *Streptococcus equi* TW 928 (№ CBS 813.95, Centraalbureau voor Schimmelcultures, P.O. box 273, 3740 AG Baam, The Netherlands) штаммынан жылқы сақауына қарсы тірі вакцина жасалды [10].

Қазіргі уақытта АҚШ-та екі реттік қолданылатын тірі және модификацияланған интраназальді Pinnacle In вакцинасы әзірленіп, қолданылуда. Алайда, бұл вакцинаның кейбір елдерде тіркелуі жоқ және бірнеше апта аралықпен екі және үш рет енгізуді қарастырады, бұл тәжірибе үшін ыңғайсыз [11].

Қазақстанда *Streptococcus equi* ЮС-15 штаммынан инактивацияланған вакцина, КазНИВИ вакцинасы және құрамында антибиотиктер бар «Ақынтай» вакцинасы әзірленді [13,14].

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмыстары Жамбыл облысы Байзақ ауданы «Бектөбе» шаруа қожалығында жүргізілді. «Бектөбе» ш/қ Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Кеңес ауылы аймағында, Тараз қаласынан 45 км жерде орналасқан. Шаруашылықты тексеру кезінде жылқылардың жалпы саны 113 басты құрады.

Сақауды емдеу және алдын-алу мақсатында шаруашылықта түрлі жұмыстар жүргізіледі. Емдік шараларды атқару үшін арнайы сақауға қарсы «Ақынтай» вакцинасы және «ПенСтреп-400» антибиотигі қолданылды. Ұсынылған дәрілік препараттар зиянсыз, асқинуларды тудырмайды, белсенділігі жоғары.

Зерттеу нәтижелері. Препараттардың емдік тиімділігін анықтау үшін осы шаруашылықта әрқайсысында 6 бастан тұратын 2 топқа тәжірибе жүргізілді. Жануарларды бақылау 7 күн аралығында жүргізілді.

Тәжірибеге алынған құлындарда ауруға тән клиникалық белгілері байқалды: дене температурасының 40-41 градусқа дейін көтерілуі, әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, жақ асты лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

1 кесте - қолданылған препараттар

№, топ	Жылқы саны	Қолданылған препарат	Құрамы	Өндіруші	Сауығу мерзімі
1 топ	6	«Ақынтай» вакцинасы	Бициллин-5-30-40 млн ӘБ Сульфадимезин- 1800-2000 мг Триметоприм- 300-400 мг Полиоксидоний- 80 мг Дистелденген су	ЖШС «Ақынтай» Қазақстан Республикасы, Алматы қ	6±0,8
2 топ	6	ПенСтреп-400 антибиотик	Прокаин пенициллин 200000 ӘБ Дигидрострептомицин сульфаты 200 мг. Еріткіш1 мл	Interchemie (Интерхеми), Нидерланды	8±1,1

Тәжірибеге алынған құлындардың бірінші тобына «Ақынтай» вакцинасын емдік мақсатта бұлшықет ішіне 10 мл дозада, ал екінші топқа «ПенСтреп-400» екі реттік препаратын бұлшықет ішіне 10 мл дозада (2-3 күн аралықта қайта енгізуді қажет етеді) зерттеу жұмыстарын жүргіздік.

Бұл препараттардың емдік тиімділігін терапиялық әсеріне, уақытына және аурудың клиникалық белгілерінің жоюлуына, жануарлардың жалпы жағдайының жақсаруына сүйеніп жүргіздік.

Бақылауға алынған 1 топтың құлындарында 3 тәулікте дене температураларының тұрақталуы байқалды, ал 6 тәуліктерде клиникалық тұрғыдан толық сауықты.

2 топтың құлындарына дәрілік препаратты енгізу ерекшелігіне байланысты емдеу процесі ұзаққа созылды. Жалпы әлсіздік 4 тәулікке дейін сақталып, дене температурасының тұрақталуы 5-6 тәулікте байқалды. Толық клиникалық сауығу 8 тәулік аралығында байқалды.

Қорытынды. «Бектөбе» ШҚ базасында жылқы сақауына қарсы «Ақынтай» вакцинасының және «ПенСтреп 400» антибиотигінің емдік әсерін анықтау бойынша зерттеулер жүргізілді. «Ақынтай» вакцинасының сақауға қарсы емдік қасиеттері «ПенСтреп 400» препаратымен салыстырғанда жоғары нәтиже беретінін айтуға болады. «Ақынтай» вакцинасын қолдану кезінде жалпы клиникалық сауығу 6 тәуліктерде байқалады.

Жүргізілген зерттеулер дәстүрлі әдістермен қатар "Ақынтай" вакцинасын қолдану емдеу шараларын ұйымдастыруда тиімді екенін көрсетті.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

